

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

БӘЙТЕРЕК

ОҚУЛЫҚ

9-СЫНЫП

1-бөлім

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

Көкжиек-Горизонт
2019

Все права защищены.
Незаконное
распространение и печать
преследуются по Закону
об авторском праве (ст. 198
УК РК от 100 МРП до 7 лет
лишения свободы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева

Қ 17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған. 1-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Қ. С. Жайлаубаева. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2019. — 148 б.

ISBN 978-601-7832-93-3
1-б. — 2019. — 148 б.
ISBN 978-601-7832-94-0

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-93-3 (жалпы)
ISBN 978-601-7832-94-0 (1-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2019

Құрметті жас дос!

Міне, сен енді 9-сыныпқа аяқ бастың. 8-сыныпта «Бәйтерек» сөзінің «зәулім ағаш», «өмір ағашы» деген мағынаны білдіретінін түсінген едің. Сен бастауыш сыныптан бастап, өз еліңнің мемлекеттік тілін үйреніп келесің. 9-сыныпта «Бәйтеректің» ең басына шығасың. Қазақ тілін жан-жақты меңгеріп, сауатты сөйлеп, жаза білуің қажет. Өйткені сен «зәулім ағаштың» басына шықтың.

Биылғы оқу жылында «Қазақ жазуының даму жолы», «Жолың болсын, жолаушы», «Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі», «Заң — қоғамның тірегі», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні — тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы», «Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары», «ЭКСПО-2017 — Қазақстан белесі», «Биотехнология жаңалықтары», «Болашақ энергия көздері», «Алаш идеясы мен қайраткерлері», «Жаһандық мәселе: демография», «Роботтар мен киборгтар әлемі», «Қазақстандағы туризм және экотуризм» тақырыптары аясында түрлі мәліметтермен танысасың. Өз еліңнің тарихы, мәдениеті, ұлы тұлғалары және т. б. туралы тереңірек білесің.

«Күлтегін» жыры, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, Н. Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» арқылы қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі туралы ақпарат аласың.

Абай Құнанбайұлы, Мұқағали Мақатаев, Қасым Аманжолов, Медеу Сәрсекке, Маралтай Ыбыраев, Жүніс Сахиевтің шығармаларын оқып, тәлім-тәрбие аласың.

Дидахмет Әшімханның «Бес арыс» атты еңбегі арқылы алаш қайраткерлерінің қазақ елі үшін қандай еңбек сіңіргені туралы білетін боласың.

Оқулықтағы түрлі тапсырмаларды орындай отырып, қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға төселе түсесің. Қызық тапсырмалар мен жағдаяттар қазақ тілінің құпия сырларын меңгеруге жетелейді.

Білім жолындағы талабың сәтті болсын!

Тасқа қашалған жазулар

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылау, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;
- шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікіріңді білдіру;
- эссенің құрылымы мен дамуын сақтау, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілігін салыстыра отырып, өз ойыңды дәлелдеп жазу;
- тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрау үшін мәлімет жинақтау, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу;
- ғылыми стильде жазылған еңбектердің (мақала) тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, талдау;
- мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыру арқылы сыни тұрғыдан бағалау;
- өздік етістің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану дағдыларыңды жетілдіресің.

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


ЖАҢА СӨЗДЕР

құлпытас, қаша, дәуір, түркі, жазба, дүниетаным

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Адамзат тарихында жазу мәдениеті қай дәуірден басталған?
2. Қандай көне жазуларды білесің?
3. Алғашқы жазбалар қандай құралдарға жазылған?
4. Суретке қара. Бұл жазбалар саған таныс па?



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ». Сызбадағы сөз тіркестеріне қатысты сұрақтарға жауап бер:

1. **Қайдан?** Бұл атаулар саған таныс па? Қайдан кездестірдің?
2. **Қалай?** Өзің осы сөз тіркестерін қалай қолдандың?
3. **Қандай?** Осы сабақта бұл сөз тіркестері қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап.

Ең алғашқы жазулар	араб таңбасын қолданған.
Вавилон заманындағы жазулар	Олжас Сүлейменов зерттеді .
Орта ғасырдағы түркілер	құлпытасқа қашалған .
Шумер жазулары туралы	көне жазбалар туралы еңбек.
«Азия» —	жартасқа жазылған.

ТІЛДІК БАҒДАР

Өздік етіс

Қимылдың, іс-әрекеттің орындаушысына, іс иесіне тікелей қатысын білдіретін етістің түрі — өздік етіс. Өздік етіс етістіктерге **-ын, -ін, -н** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Алыстан жартастағы көне жазулар көрінді. Иероглифті таңбалар салынған биік жартас жаңбыр суына жуынды. Біз де тезірек көне жазуларды көру үшін асыға киіндік.* Осы сөйлемдердегі *көрін, жуын, киін* етістіктері қимылды әрі іс иесі (орындаушы) орындағанын (жазулар көрінді), (жартас жуынды), (біз киіндік) әрі қимыл сол іс иесіне бағытталғанын білдіріп тұр.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Бұл сөйлемдердің мағынасын сабақ тақырыбымен байланыстырып айт.

Қажетті сөздер: менсінбейді, өзі, мәңгі, мәдениетті, ұмыту.

1. Ана тілін ұмыту — ата-бабамызды, тарихымызды ... (Бауыржан Момышұлы).
2. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана ... (Ғабит Мүсірепов).
3. Ана тілін білмейтін адам ... адам санатына қосылмайды (Мұхтар Әуезов).
4. Сөзі жоғалған жұрттың ... де жоғалады (Ахмет Байтұрсынұлы).
5. Халықтың ... ғұмыры оның тілінде (Шыңғыс Айтматов).

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, көне түркі жазулары жайында үш сөйлем құрап жаз.

Тірек сөздер: құлпытас, қаша, жазба, түркі, дәуір, дүниетаным.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогті тыңда. Сұраққа жауап бер.

- Әлібек пен Анна не туралы сөйлесті?
Әлібек неге қазақ тілін «көне тіл» деп атады?
Көне дәуір қай ғасырларды қамтиды?
Не үшін қазақ тілі «көне түркі тілінің мұрагері» деп аталады?
Қазақ тілі мен көне түркі тілінің арасында қандай байланыс бар?
Екі достың диалогі мен сабақ тақырыбының арасында қандай байланыс болуы мүмкін?



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, стилін анықта. Қою қаріппен жазылған сөздер бойынша сөздік жұмысын жаса.

Құлпытас — бейітке қойылатын тас белгі. Дүниежүзі халықтарында құлпытастың көптеген түрі кездеседі.

Ежелгі **шумер, мысылық, этрустар** заманында құлпытастар адам мүсіні түрінде жасалды. Құлпытасқа адам бейнесі қашап салынды. Оны **мәйіт-**

пен бірге қою дәстүрі ғұн заманы, **Түркі қағандығы**, қыпшақ, түркеш дәуірлерінде кең жайылды.

Құлпытастардың шығу тегі, **рәміздік мән-мағынасы** туралы ғылымда нақты тұжырым қалыптаспаған. Қалай болғанда да, қазіргі қазақ даласындағы құлпытастардың арғы тарихы **сақтар** мен ежелгі түркілердің тас мүсіндерімен, сондай-ақ көне түркі жазуы қашалған **бітіктастармен** байланысты екені анық.

Құлпытастарды **әрлеу, нақыштау, бедерлеу** ісі сол кезеңде өмір сүрген халықтың қолөнері мен мемориалдық үрдісі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен **дүниетанымының** белгісі іспетті. Мысалы, түркі жерінде ислам дінінің таралуына байланысты бейнелі құлпытастардың орнына **өрнекті көктастар** қойылатын болды. Ислам дінінде қабір басына белгі қоюға рұқсат етілді. Бірақ аса үлкен құлпытас қойып, оған адамның, малдың немесе әлдебір заттың суретін бейнелеуге **тыйым салынды**. Сондықтан құлпытастарға арабша «Құран» сүрелері мен аяттар жазылды.

Түркістандағы Ясауиге қойылған құлпытаста, сонда жерленген қазақ халқының атақты хандары мен қайраткерлерінің басына қойылған құлпытастарда осы үрдіс сақталған.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Төмендегі жоспарды ретімен жаз. Жоспар бойынша мәтіннен түсінгеніңді айт. Өз сөзінде мәтіндегі термин сөздерді қамты.

Жоспар:

Ислам діні және құлпытас дәстүріндегі өзгерістер

Ежелгі құлпытастар тарихы

Сақ дәуіріндегі құлпытастар

Құлпытас және халықтың дүниетанымы

Құлпытас — көне мәдени жәдігер

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Құлпытастағы жазулар туралы тұжырымдарды оқы, өз ойыңды дәлелдеп айт.

Ақпарат	Дұрыс, себебі ...	Дұрыс емес, себебі ...
Құлпытасты бедерлеу халық дүниетанымына байланысты өзгереді.		
Ислам дінін қабылдаған соң құлпытасқа қашап жаза бастады.		
Барлық құлпытасқа адам бейнесі қашап салынған.		
Құлпытас — жазба ескерткіш.		
Құлпытастардың шығуы туралы нақты ғылыми тұжырымдар бар.		

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына өздік етістерді жаз.

1. Құлпытастардан халықтың тарихы мен дүниетанымы 2. Құлпытастар тарихы зерттеуге ... түр. 3. Құлпытасқа адамның, малдың немесе әлдебір заттың суретін бейнелеуге тыйым 4. Түркістанда ... хандарға да өрнекті құлпытас қойылды.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Дереккөздерден бір құлпытастың тарихы туралы ақпарат жина. Өз ойыңды жинақтап жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Әртүрлі ақпарат көздерін пайдаланып, құлпытастарға қатысты пікірлерді тауып оқы. Олардың ішінен өзіңе ұнаған 2 пікірді жаз. Оларды өз ойыңмен байланыстырып айт.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Құлпытас — бейітке қойылатын тас белгі. Дүниежүзі халықтарында құлпытастың көптеген түрі кездеседі. Онда жазба мұралар сақталған.

Ежелгі заманда құлпытастар адам мүсіні түрінде жасалды. Көне түркі дәуірінде құлпытасқа адам бейнесі қашап салынды. Ол мәйітпен бірге қойылды. Ислам дүниетанымына сай бұл дәстүр өзгерді.

Көне түркі жазуын зерттеушілер

3-4-
сабақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

*жан-жақты, әліпбилік,
зерделе, үңіл*

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Бүгінгі сабақтың тақырыбына қатысы болуы мүмкін сөз тіркестерін анықта. Ойыңды дәлелдеп айт.


- көне түркі жазбалары
- көне әліпби
- көне дәстүрлер
- көне қыпшақтар
- көне ырымдар
- көне киімдер
- көне зерттеулер

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, әлем картасынан көне түркі жазба ескерткіштері табылған орындарды белгіле.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттердегі кісілердің көне түркі жазба ескерткіштеріне қандай қатысы бар? Қысқаша сипаттама жаз.



Вильгельм Томсен (1842-1927)



Қаржаубай Сартқожаұлы (1947)

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. «Түртіп алу» тәсілімен негізгі ақпараттарды жаз.



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Жазып алған ақпараттарың бойынша парталас досыңмен сұрақ-жауап тәсілімен пікірлес.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Төменде берілген кестені толтыр.

Енисей өзенінің бойынан құпия жазуы бар құлпытастар табылғаны туралы алғашқы хабарды Н. К. Видзен, С. У. Ремезев айтқан. Сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері И. Т. Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Д. Г. Мессершмидт те ақпарат берген. Олар құпия жазулар туралы деректерді XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарында келтірген. Бұл жазулардың **құпиясы** бір жарым ғасырға жуық ашылмады. Ғалымдар қанша **үңілсе** де, оның **әліпбилік негізін** таба алмады. Сондықтан алғашқыда олар

«руна (белгісіз) жазу» деп аталды. Алайда ғылыми зерттеулер олардың түркі жазулары екенін анықтады.

1893 жылғы қарашада Дания корольдігі Ғылым академиясының **мәжілісінде** Вильгельм Томсен ғылыми әлемді дүр сілкіндірген **мәлімдеме** жасады. Ғалым ұзақ зерттеп, **зерделеп**, Орхон мен Енисей өзендерінің бойынан табылған ескерткіштердегі құпия жазуды оқудың кілтін тапқанын хабарлады. Ғалым ең алдымен «Тәңір» және «түрік» сөздерін оқыған еді.

Дәл осы кезде академик В. В. Радлов та өз бетінше ізденіп, руна жазудың он беске жуық **әрпін** анықтаған еді. Арада көп уақыт өтпей, В. В. Радлов Орхон өзенінің бойынан табылған үлкен тастардағы мәтінді толық оқып, аударып шықты. Кейін орыс **түркітанушылары** көп зерттеді. Л. Н. Гумилев Орхон жазба ескерткіштерін «Көк түріктердің өздері туралы жазған **шежіресі**» деп бағалады.

Орхон жазба **мұраларын** ұзақ жылдар түбегейлі зерттеген қазақтың білікті ғалымдары — Ә. Марғұлан, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлының **іргелі зерттеулері** жарық көрді. Олар жазба ескерткіштердің рухани құндылығын ашты.

Жазбаларда көне түркілер мен көк түркілер дәуіріндегі оқиғалар сипатталады. Жағрапиялық атаулар, сол кездегі **тайпалардың** атаулары мен орналасу, **таралу аймағы** көрінеді. Көптеген тарихи, мәдени, жағрапиялық, саяси дерек бар. Тарихи оқиғалар, Ұлы **қағандардың жорықтары** көркем тілмен баяндалған.

Жазудың сипаты түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін, **үндестік заңдарын** жақсы береді. Жазу оңнан солға қарай оқылады әрі негізінен дауыссыз дыбыстар **таңбаланады**. Түркі жазба ескерткіштері **Ұйғыр қағандығы** кезінде аяусыз қиратылған.

kk.wikipedia.org

Азатжол	Тақырып	Негізгі ақпарат

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша тезис жаз. Мәтіннен өздік етіс қосымшасы жалғанған сөздерді теріп жаз. Олардың жасалу жолын түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жазба мұраның маңызын көрсететін мақал-мәтелді тауып, мағынасын түсіндір. Мысалы: «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді».

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Пирамида» тәсілі. Тыңдалған, оқылған мәтіндердің мазмұнын «жеке — жұп — топ — сынып» жүйесімен талдаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Аквариум». Ақпарат көздерінен көне түркі жазбаларын зерттеушілер туралы мәлімет жинаңдар. Оны класстер түрінде безендіріңдер. Сыныпта баяндаңдар. Сынып ең үздік жұмысты бағаласын. Бағалау критерийлері:

1. тақырыптың ашылуы;
2. ақпараттың жаңашылдығы мен тосындылығы;
3. ойдың жүйелілігі;
4. таныстырылымның сауаттылығы.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Ұлы мұралардың жаңғыруы» тақырыбында шағын эссе жаз. Эсседе өздік етіс тұлғасындағы сөздерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Көне түркі жазбаларының сырын ғалымдар бір жарым ғасыр бойы аша алмады. Вильгельм Томсен жазбаның әліпбилік негізін ашты. Мұраның табиғатына ұзақ үңіліп, терең зерделеді. Сөйтіп, «Тәңір» және «түрік» сөздерін анықтады.

«Күлтегін» жыры

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

көшірме, нұсқа

АЙТЫЛЫМ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңмен жазылған көлемді көркем шығарма қалай аталады?
2. Батырлық туралы орыс, қазақ, әлем әдебиетіндегі қандай ірі шығармаларды білесің?
3. Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк есімдері саған таныс па?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Батырлық туралы қазақ халқының 3 мақал-мәтелін, орыс халқының 3 мақал-мәтелін жаз. Ондағы ортақ ойлар мен ерекшеліктерді тауып, айт.


ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретте қандай ескерткіш бейнеленген? Сыртқы бейнесін сипаттап жаз. *Құлпытас, қашап жазу, көне түркі, жазба ескерткіш* және т. б. тірек сөздерді қолдан.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Стилін анықта.
Қысқаша тезис түрінде жаз.



Аудиомәтін



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Күлтегін» ескерткіші жайында сөйлеу тілінде және ресми стильде 2 түрлі хабарлама жаса. Тыңдаушының кім болатынын өзің анықта. Мәтін құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме жаса. Мәтіндерді талда.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Жырдың құрылымын сызбамен өрнекте.

«Күлтегін» жыры — өз алдына дербес, бірақ сюжеттік жағынан бір-бірімен тығыз байланысты сегіз топтамадан тұрады. Әр топтама нұсқа — мазмұны жағынан бір-бір хикая. Бірінші **топтама** — қағанның халқына айтқан **үндеуі**; екіншісі Түркі қағандығы жерінің кеңдігін суреттейді; үшіншісі түркілердің әскери жорықтарын жыр етеді; төртіншісі — көршілес табғаш халқының **қастандық әрекеттері** туралы; бесіншісі — осы соғыстың түркілерге **қатері** жайында; алтыншысы — түркі халқын **жігерлендіру** туралы; жетіншісі — түркі халқының **даңқын көкке көтерген** Білге қаған жөнінде; сегізінші топтама — осы ескерткіш-жырды жазуға себеп болған жайттар туралы.

Бір Тәңірдің қолдауымен таққа отырып,
Түркі халқы үшін
Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.

Жалаңаш халықты тонды еттім,
Аш халықты қонды еттім,
Айдарлысын құлдықтан сақтадым,
Тұлымдысын тұлдықтан сақтадым.

Кедей халқын бай қылдым,
Төрт құбыласын сай қылдым,
Көріксізін Күн, ажарсызын Ай қылдым...

Төбеңнен Тәңірі баспаса,
Астыңнан жер айырылмаса,

Түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды? — деп, бар ғұмырын түркі жұртын Мәңгілік ел етуге арнаған асыл текті қағандар арманын тасқа қашап жаздырған екен.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, тіркескен сөзімен бірге жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен жыр үзіндісінің мазмұнын қара сөзге айналдырып жаз. Түсінгеніңді айт.


АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Мәтінде аталған ел, тайпа, жер-су атаулары жөнінде білетіндеріңді айтыңдар. Пікір бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Сабақта өткен оқу материалдарына, өзге де ақпараттарға сүйеніп, «Күлтегін» жыры жайлы диаграмманы толықтырып жаз.



АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Тасқа қашалған армандар» тақырыбында ойталқы өткізіндер. Ол үшін ойталқыда талданатын мәселелерді анықтап алыңдар. Жүргізуші сайлаңдар. Пікірлеріңді дәлелдеп айтыңдар. Өздік етістерді қолданыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

«Күлтегін» жыры екі түрлі нұсқада сақталған. Бірі «кіші жазу», екіншісі «үлкен жазу» деп аталады. Кіші жазу сегіз топтамадан тұрады. Құлпытасың көшірмесі қазір елордадағы Еуразия университетінде тұр.

7-8-
сабақ

Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы

ЖАҢА СӨЗДЕР

*сәйкестендір, сауыт,
сия, төл, төте жазу,
емле*

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Өз пікіріңді түйіндеп айт.

Қазақ тілі — тарихы терең, көне тіл. Ол **түркі тілдер тобына** жатады. Түркі тілі алты топқа бөлінеді. Қазақ тілі — қыпшақ тілдер **бұтағындағы** ең бай әрі көркем тіл.

Қазақ халқы сан ғасырлық тарихында басқа түркі халықтарымен **қонысы, саяси-шаруашылық жағдайы** тығыз байланысты болғаны сияқты, тілі де өте ұқсас болды. Қазақ тарихында түрлі жазу таңбасы қолданылған. Әуелі тасқа қашалған, кейін **сиясауытты**, қаламды қолданып жазған ортақ ескерткіштер сақталған.

Қазақ рулары өзінің даму жолында туысқан түркі халықтарына ортақ Орхон-Енисей, Талас және т.б. көне жазуларды қолданды. Кейін ислам діні енуіне байланысты төл жазулар ығыстырылып, араб таңбасы алмастырды. Бұл жазу мың жылдан астам уақыт пайдаланылды. **Төл жазудың** керемет нұсқасын жасаған ұлы реформатор — Ахмет Байтұрсынұлы жазу емлесі мен ауызша тілді **сәйкестендірді**. Ғалым **төте жазу** үлгісін ұсынды. Кеңестік кезеңнің басында ұлттық жазу таңбасы латын, кейін кирилл қарпіне көшірілді.

Баспасөз беттерінен

Aa-1	Bb-2	Cc-3	Çç-4
Dd-5	Ee-6	Əə-7	Gg-8
Qq-9	Hh-10	Ii-11	Jj-12
Kk-13	Ll-14	Mm-15	Nn-16
Ŋŋ-17	Oo-18	Өө-19	Pp-20
Qq-21	Rr-22	Ss-23	Tt-24
Uu-25	Vv-26	Yy-27	Zz-28
b̄b̄-29			

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25 26 27 28 29 30 31 32 33 34 35 36 37 38 39 40 41 42 43 44 45 46 47 48 49 50 51 52 53 54 55 56 57 58 59 60 61 62 63 64 65 66 67 68 69 70 71 72 73 74 75 76 77 78 79 80 81 82 83 84 85 86 87 88 89 90 91 92 93 94 95 96 97 98 99 100

Қазақ алфавиті

Баспа әрпі	Жазба әрпі	Әріп атауы	Баспа әрпі	Жазба әрпі	Әріп атауы
Аа	Аа	а	Пп	Пп	па
Әә	Әә	ә	Рр	Рр	ра
Бб	Бб	б	Сс	Сс	са
Вв	Вв	в	Тт	Тт	та
Гг	Гг	г	Уу	Уу	уа
Дд	Дд	д	Үү	Үү	үа
Ее	Ее	е	Фф	Фф	фа
Ёё	Ёё	ё	Хх	Хх	ха
Жж	Жж	ж	Нн	Нн	на
Зз	Зз	з	Цц	Цц	ца
Ии	Ии	и	Чч	Чч	ча
Йй	Йй	й	Шш	Шш	ша
Кк	Кк	к	Щщ	Щщ	щә
Ққ	Ққ	қ			
Лл	Лл	л	Ыы	Ыы	ыа
Мм	Мм	м	Іі	Іі	іа
Нн	Нн	н	Үү	Үү	үа
Ңң	Ңң	ң	Әә	Әә	әа
Оо	Оо	о	Юю	Юю	юа
Өө	Өө	ө	Яя	Яя	яа

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Тіл және өркениет» тақырыбында ойыңды эссе түрінде жаз. Онда халықтың даму тарихындағы ауызша және жазбаша тілдің маңызын, артықшылығы мен кемшілігін көрсет. Өз ойыңды дәлелде.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. «Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы» кестесінде берілген ақпаратты мәтінге айналдырып, жаз.

ҚАЗАҚ ЖАЗБА МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

№	Дәуірі	Кезеңі	Жазу таңбасы	Көрнекті өкілдері	Белгілі шығармалар
1	көне түркі дәуірі	III-VIII ғасырлар	көне түркі жазуы	Тоныкөк, Білге қаған	Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштері
2	орта түркі дәуірі	IX-XV ғасырлар			
		а) I кезең — Қараханид кезеңі (IX-XII ғ.) — рухани өрлеу кезеңі	араб жазуы (араб мәдениетінің әсері басым)	Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, А. Ясауи	«Риторика», «Диуани лұғат-ат түрк», «Диуани хикмет», «Құдатғу білік», т.б.
		ә) II кезең — Алтын Орда кезеңі (XIII-XV ғ.)	ұйғыр жазуы (парсы, иран мәдениетінің әсері басым)	Әл-Хорезми, Саиф Сараи, Омар һайям	«Махаббат-наме», «Гүлістан бит түрки»
3	жаңа түркі дәуірі	XV-XXI ғасырлар	төте жазу, латын жазуы, кирилл қарпі		
		а) I кезең — хандық билік кезеңі (XV-XVIII ғ.)	араб жазуы (ауыз әдебиетінің шарықтау кезеңі)	Бұқар жырау, М. Дулати, Ақтамберді, т.б.	«Тауарих хамса», «Жамиғ-ат тауарих»
		ә) II кезең — отарлану кезеңі (XIX-XX ғ.)	төте жазу, латын жазуы, кирилл қарпі (кеңестік саясат басым)	А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, т.б.	Шығармалары
		б) III кезең — тәуелсіздік кезеңі (XX ғ. соңы-XXI ғ. басы)	кирилл қарпі, латын — ұлттық жазу таңбасы (тәуелсіздік, рух оянған кезең)	Ғ. Мүсірепов, І. Есенберлин, С. Мәуленов, М. Мағауин, Ә. Кекілбай, М. Шаханов, т.б.	Қазіргі дәуір шығармалары

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Кестеге сүйеніп, қазақ жазба мәдениеті тарихының бір кезеңі туралы қысқаша мәтін құрап айт. Ауызша сөзде төменде берілген тұжырымдарды пайдалан.

1. Қазақ тілі — жазба мәдениеті тамырын тереңнен тартып жатқан, тарихи жолы қалыптасқан арналы тіл. Қазақ жазба тілінің тарихын, әлемдік өркениеттегі орнын, жалпыадамзаттық мәдениеттегі рөлін дұрыс бағалау үшін оның қандай кезеңдерден өткенін білудің мәні зор.

2. Қазақ жазба тілінің мәдениеті — қандай таңбаларды қолданса да, қандай мәдениеттердің әсерімен дамыса да, ешқашан өзіндік бет-бейнесін жоғалтпаған, құнарлы мәдениет. Ол қашан да талғамы биік, ойы өрелі қалпынан танбаған, даралық сипатын сақтаған, саф алтындай құнды мұра болып келген, солай қала бермек.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тамыры терең, арналы тіл, өзіндік бет-бейне, ойы өрелі, даралық сипат тіркестерінің мәнін ашып жаз.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінде берілген ақпараттарды «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ






7-тапсырма. «Жазу ауыстыру қалай жүзеге асады?» деген тақырыпта өз ойларыңды қорытып жазыңдар. Өздік етістерді қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Әртүрлі дереккөзден ұлы адамдардың жазу тарихы мен мәдениеті туралы 3 қанатты сөзін тауып жаз. Мағынасын түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар». Тақырып: «Жазу таңбаларын ауыстыру».

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Қазақ жазу таңбаларының ауысуы туралы айтады.	Қазақтың жазба мәдениетіне байланысты қандай ақпараттар білесің?
	Жазу ауыстырудың артықшылығын айтады.	Оның қандай артықшылығы бар?
	Жазу ауыстырудың кемшіліктерін айтады.	Қандай кемшіліктері болуы мүмкін?
	Жазба мәдениет жайлы қанатты сөздерді айтады.	Халық сауатты болу үшін не керек?
	Жазу ауыстыруға қатысты эмоциясын білдіреді.	Осы мәселеге қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ тарихында әртүрлі жазу таңбалары қолданылған. Әуелі тасқа қашалған, кейін сиясауытты, қаламды қолданып жазған ортақ ескерткіштер сақталған.

Қазақ рулары өзінің даму жолында көне жазуларды қолданды. Кейін ислам діні енуіне байланысты төл жазулар ығыстырылып, араб таңбасы алмастырды. Төл жазудың керемет нұсқасын жасаған ұлы реформатор — Ахмет Байтұрсынұлы жазу емлесі мен ауызша тілді сәйкестендірді. Ғалым төте жазу үлгісін ұсынды. Кеңестік кезеңнің басында ұлттық жазу таңбасы латынға, кейін кирилл қарпіне көшірілді.

Орта ғасыр: түркі тілі – ғылым тілі

9-10-
сабақ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Бұл кісілердің бүгінгі сабақтың тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін?




Әбу Насыр әл-Фараби



Жүсіп Баласағұн



Қожа Ахмет Ясауи



Махмұд Қашқари

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Берілген ақпаратты кластер түрінде жаз. Осы суретте берілген ойшылдардың шығармалары туралы интернет көзінен қосымша ақпарат тап. Сол мәліметтерді кластерге енгізіп, толықтыр. Тақырып қой.

Әбу Насыр әл-Фараби — Шығыстың ұлы ойшылы, ғалым. Түркістан облысындағы Отырар қаласында туған. Фараби ортағасырлық білім-ғылымның барлық саласын қамтитын орасан мол мұра қалдырды. Сол үшін оны көзі тірісінде-ақ әлем ғалымдары «Екінші ұстаз» деп атады. Фараби трактаттарының саны екі жүзге жуық. Осы еңбектер дүниежүзінің көптеген тілдеріне (араб, парсы, латын, ағылшын, неміс, француз, испан, орыс, қазақ, өзбек және т.б.) аударылған. Бізге ойшылдың 80-нен астам шығармасы жетті.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңнің мазмұнын түсін.

Ал сен қалай бағыттадың нұрыңды?
Жасырмай айт,
Жасқанбай айт сырыңды, —
деп қария ұяң шәкірт — жас Әбуге бұрылды.

Әбу айтты:
— Менде де бар бір арман
Маздап жанып, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парыз бенен махаббаттан құралған.
Шамын жақсам ғылым менен өнердің,
Елімді зор мерекеге бөлермін.
Бұл сапарым азапты да шығар-ау,
Не де болса, пешенемнен көрермін.
Мейлі мәңгі жарымайын киімге,
Мейлі түйір нан қалмасын үйімде,
Мейлі ұлының еңбек етіп арымен
Жүргендігін ұғынбасын қалың ел.
Мен өзіме риза емеспін, елімнің
Сүйеніші бола алмасам егер де.
...Ал Әбу ше?

Кеңге жайды ол қанатын,
Әбуіміз — әрі ғалым, әрі ақын,
Әбуіміз — біздің ұлы бабамыз —
Әбу-Насыр әл-Фараби болатын.

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда
Үлкен арман керек екен адамға!

Мұхтар Шаханов

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлең түйінін өз сөзіңмен таратып жаз.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Орта ғасыр ойшылдарының тіл туралы айтқандарын түсін.
Олардың мағынасын өз ойыңмен таратып жаз.

Түсінбеушілік, дөрекілік жүрген жерде логика, парасат туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес (Әл-Фараби).


Әдеп басы — тіл, тәрбие басы — тіл (М. Қашқари).

Білім — тұл, тілден шығып есілмесе (Ж. Баласағұн).

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Төмендегі тірек сөздердің мағынасын анықта: *сөздік, халықаралық тіл, географиялық карта, «Ұлы кеңесші» лауазымы, Ата заң, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат-ынсап.*

Негізгі ойды тезис түрінде жаз. Түсінгеніңді айт.



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Оқылған, тыңдалған мәтіннің мазмұнына сүйеніп, орта ғасырдағы жазу мәдениеті мен ғылым дамуына қатысты диалог құрыңдар. Тілдесімге тірек болатын жағдаят пен сөйлеушілердің рөлін өздерің ақылдасып, анықтаңдар. Диалогте өздік етістерді, сөз әдеби орамдарын қолданыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Орта ғасырларда түркі мәдениеті шарықтап дамыды. Түркі тілі әлемдегі ең озық ғылыми еңбектердің тіліне айналды. Шығыстың ұлы ойшылдары, әмбебап ғалымдар араб таңбасымен жазылған түркі тіліндегі ортағасырлық білім-ғылымның барлық саласын қамтитын орасан мол мұра қалдырды.

11-12-
сабақ

Әлемдік жазу мәдениетінің реформаторы

ЖАҢА СӨЗДЕР

жетілдір, дыбыс,
дыбыстал, ретте,
жүйеле, үндес

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерде кімдер бейнеленген? Ол кісілердің бүгінгі сабақтың тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін?



Ыбырай Алтынсарин



Ахмет Байтұрсынұлы



Мағжан Жұмабайұлы

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттегі тұлғалардың қазақтың жазу тарихындағы рөлі қандай? Олардың еңбектері қай таңбаларды қолданумен байланысты? Өз болжамыңды жаз.

- кирилл таңбасын қазақ тілді оқу құралдарында тұңғыш рет пайдаланған;
- латын таңбасын мектепте оқыту үшін арнайы әліппе жазған;
- араб таңбасын жетілдіріп, жазуды реформалаған.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді (*төл жазу, ұлттық әліпби, негізделді, жетілдіру, дыбыс, дыбысталуы, ретте, жүйеле*) қолданып, мәтінді мазмұнда.



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Конспект жаз. Мәтінге тақырып қой. Күрделі жоспар құр.

Қазақ тіліндегі дыбыс жүйесін арнайы зерттеп, әліпби құрастырған қазақтың алғашқы фонологі — **Ахмет Байтұрсынұлы**. Ол — қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғұлама. 1905 жылдан бастап араб таңбасының негізінде қазақтың ұлттық әліпбиін жасады. Сөйтіп, А. Байтұрсынұлы 24 әріптен тұратын жаңа әліпби түзді.

9-тапсырма. Ахмет Байтұрсынұлы туралы замандастарының пікірлерін оқы. Ғалымның болмыс-сипатын диаграмма түрінде жаз.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақтың ұлттық төл жазуының теориясы А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш қалыптасып, негізделді. Ғалым мың жыл бойы қолданылып келген араб таңбасын жетілдіріп, қазақтың төте жазуының негізін салды. Ол таңбалар қазақ тіліндегі дыбыстардың ауызша дыбысталуы мен жазбаша тілінің сәйкестігін реттеді. Ғалым жүйелеген таңбалар меңгеруге жеңіл болды.

Нәтиже сабақ. Мен не білдім?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Пікірді оқы. Онда не туралы айтылғанын анықта. Автордың тұжырымын өз ойыңмен байланыстырып айт.

Қазіргі таңда ғалымдар арасында қазақ тілінің жазу таңбасын реформалау туралы сан алуан пікірлер айтылып жүр. Бірі: «Кирилл қарпін өзгертпеу керек», — десе, бірі: «Латын жазуын алған тиімді», — деп санайды, ал енді бірі «Сонау көне дәуірде қалған төл жазуды тірілту қажет» деген ұсыныстарын айтады. Ол пікірлердің қайсысы жеңіп шығарын уақыт көрсетеді.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Әлем ғалымдарының төмендегі пікірлерін оқы. Бір пікірді өз ойыңмен сабақтастырып, таратып айт.

- Зерттеушілеріміздің барлығы да бірауыздан қазақ тілін «ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі» деп таниды. Қазақтар — шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері... (П. М. Мелиоранский).
- Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, образды тіл — қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты... (С. Е. Малов).
- Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл — жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет... (А. Брем).
- Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен. Әсіресе сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады (В. В. Радлов).
- Қазақтың ақыл-ой қабілетіне барған сайын көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді! Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре алады. Қарсыластының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Дала Демосфендерінің кейбіреулері мені сөзінің мазмұндылығымен, жігерлілігімен баурап алды... (А. Янушкевич).

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Бес ғалымның пікірлеріндегі ортақ ойды өз сөзіңмен тұжырымдап жаз.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Аквариум». Парталас досың екеуің «Қазақ жазуының даму тарихы» тақырыбында пікірлесіңдер. Диалогте тақырып бойынша алған мәліметтерге сүйеніп, бірің тележурналист, бірің тілші-ғалым ретінде сөйлесіңдер. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Қазақ жазуының дамуы» тақырыбында постер жаса. Тақырып бойынша алған біліміңді, меңгерген жаңа сөздерді пайдалан. Өздік етістерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Топтық жұмыс. Жағдаят: мектепте «Көне жазулардың сыры...» атты танымдық кешті ұйымдастыру сендерге жүктелді. Кештің қандай форматта өтетінін анықтап, сценарийін дайындаңдар. Неге дәл осы жүйені таңдадыңдар? Себебін түсіндіріп, таныстырыңдар. Сынып ең үздік жобаны анықтасын.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

А. Байтұрсынұлы

Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол ада-суға бастайды. Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Н. Назарбаев

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну;
- шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты автордың ойын бағалау;
- ғылыми стильде жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау;
- жазба жұмыстарда афоризмдерді тиімді қолдану;
- өзгелік етістің қызметін білу дағдыларыңды жетілдіресің.

Ауылға автобуспен
барамыз

ЖАҢА СӨЗДЕР

жүргінші, зуылда, тасымал,
жол-жөненей, бекер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелді оқып, мәнін түсіндір.

Шөлмен жүрсең де, жолмен жүр.
Жол көлге, көл елге апарады.

Жол білмеген адастырады,
Жөн білмеген шатастырады.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Көліктер» сөзіне кластер құрып, ойыңды дәлелдеп айт.



ТІЛДІК БАҒДАР

Өзгелік етіс қимыл әрекеттің сөйлемдегі іс иесі емес, басқа біреу арқылы істелінетінін білдіріп, жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

Өзгелік етістің жұрнақтары:

- 1) **-ғыз/ -гіз, -қыз/ -кіз:** *айт-қыз, жаз-ғыз, көр-гіз, бер-гіз*, т. б.
- 2) **-дыр/ -дір, -тыр/ -тір, -ыр/ -ір:** *сал-дыр, тік-тір, ас-тыр*, т. б.
- 3) **-т:** *жаса-т, ағар-т*, т. б.


Демек, өзгелік етісті сөйлемде іс-әрекетті іске асырушы екі субъект болады: бірі — сол қимылды орындатушы, екіншісі — қимылды орындаушы. Мысалы: *Ол баласына өлең айтқызды.*

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, шынайы ақпаратты жаз.

1. Дүниежүзіндегі халықтың саны қанша?
2. Қандай қалаларда халық жұмыс істейтін орындарынан алыс тұрады?
3. Тасымал жолда қандай көліктер жиі қолданылады?
4. Үлкен қалаларда жол кептелісі неден болады?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Не себепті ол сөйлемдерді алғаныңды түсіндір.

Үзінді	Сипаттама

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар. Осының негізінде өздерің диалог құрыңдар.

- Айман, жол болсын! Қайда бара жатырсың?
- Алматыға. Өзің қайда барасың?
- Түркістанға бара жатырмын.

- Қандай көлікпен барасың?
- Автобусқа билет алдым.
- Автобусқа билетті бекер алғансың! Автобуспен алыс емес пе? Пойызбен неге бармайсың?
- Маған автобуспен барған ұнайды, сондықтан автобуспен барамын.
- Автобуспен неше сағат жүресің?
- Бес сағат.
- Маған пойызбен барған ұнайды. Автобусқа қарағанда, сенімді.
- Жолаушылар пойызымен салыстырғанда, автобус тез барады. Сен Алматыға қандай көлікпен барасың?
- Жеңіл мәшинемен барамын, өйткені жол-жөнекей әжемнің ауылына кіреміз.
- Иә, жеңіл көлікпен жүрсең, қалаған жеріңе тоқтай аласың.
- Дұрыс айтасың. Жеңіл мәшинемен зуылдап, тез жетіп барасың. Інім жеңіл көлікпен жүргенді ұнатады. Сапарың сәтті болсын!
- Рақмет, өзіңнің де жолың болсын!

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогтегі етістіктерді тауып, өзгелік етістің жұрнағын жалға. Сөйлем құр.

Үлгі: етістік: ал+дыр. Ол билет алдырды.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сен жазда қайда қыдырып бардың? Немен бардың? Көршіңмен сұхбат құр.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаят: жазда әжеңнің ауылына автобуспен қыдырып бармақ болдың. Жолда автобус сынып қалды. Енді не істейсің?

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Жүргінші, зуылда, тасымал, жол-жөнекей, бекер, отыр, қыдыру, сынып қалу, өкіну.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

ЕСТЕ САҚТА!

Әкем сабаққа автокөлікпен тез жеткізді. Айман автобусқа билет алдырды.

Теміржол бекетінде

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

бекет, құн, аралық, жол-сапар, жолазық, жүрдек, жолшыбай, куәлік

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген сөздерді қолданылу орнына қарай бөліп жаз.

Тікұшақ, ұшақ, жеңіл көлік, ғарышкеме, кеме, пойыз, электр пойыз, автобус, жүк көлігі, трамвай, мәшине, желкенді қайық.

Құрлық жолы:

Теміржол:

Әуе жолы:

Су жолы:

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар. Тақырыпқа байланысты сөйлеу әдеби формаларын қолданыңдар.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, түсінгеніңді айт.

Тірек сөздер: жолаушы, жолсапар, жолазық, бекет, құн, аралық, жолшыбай, жүрдек.



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндерді оқы. Тақырып қой. Ақпараттарды салыстыр.

1. Әлемнің түкпір-түкпірінде кездесетін пойыздар алғаш рет 1825 жылы Англиядан шыққан. Ол бумен жүретін. Ертеректегі қозғалтқыштар дөңгелекті айналдыруға қажет буды алу үшін көмір мен ағаш жағылып, су қайнатылатын. Ең үлкен әрі қуатты бу мәшинелері Америкада жасалды. Олар «Үлкен балақан» деп аталды. 1941-1944 жылдары олардың ұзындығы 40 метрге жеткен. Британдықтар сағатына 203 шақырым жылдамдықпен жүретін «Мулларел» бу мәшинесін жасап, әлемдік рекорд жасады («Оқушының алғашқы энциклопедиясы» кітабынан).

2. Қазақстан жеріндегі тұңғыш теміржол магистралі 1894 жылдың 25 қазанында Покров слободасында (қазіргі Ресейдің Саратов облысында) ашылды. Осы жолдың 130 шақырымы қазіргі Қазақстан жері арқылы өткен. Төрт жылдан кейін Урбах-Астрахань тар табанды теміржолы іске қосылып, 77 шақырымы қазақ даласы арқылы өтті.

Солтүстік Қазақстанның дамуы үшін 1891-1896 жылдары салынған Транссібір магистралінің маңызы зор болды. Бұл жол қазақ, орыс халқының экономикалық, мәдени жақындасуына ықпал етті.

1901-1906 жылдары Орта Азия мен Ресейдің орталығын қосатын Орынбор-Ташкент теміржолы, 1914-1917 жылдары болашақ Түркісібтің бір бөлігі саналатын Арыс-Пішпек жолы салынды.

1915 жылы 166 шақырымы Қазақстан арқылы өтетін Челябинск-Троицк-Қостанай магистралі іске қосылды.

1915-1917 жылдары Новосибирск пен Семейдің арасын жақындатқан Алтай теміржолының 122 шақырымы Қазақстан жері арқылы өтті. 1918 жылы Қазақстан аумағындағы теміржолдың жалпы ұзындығы 2,6 мың шақырымға жеткен еді («Астана ақшамы» газетінен).

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты айт.

Пікір: оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

Дәлел: пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал: пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды: тақырып бойынша қорытынды жаз.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерге өзгелік етістің жұрнақтарын жалға.

Мәтіннің мазмұны қалай өзгергенін айт.

Үлгі: Ең үлкен әрі қуатты бу машинелері Америкада жасалды. — Ең үлкен әрі қуатты бу машинелерін Америкада жасатты.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Диалогті оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар. Мәтін мазмұнын жалғастырып айтыңдар.

— Сәлеметсіз бе!

— Сәлеметсіз бе!

— Кешіріңіз, Семейге дейін қандай пойыз жүреді?

— Семейге 22-нөмірлі жүрдек пойыз жүреді. Кестені қараңыз. Пойыздың келуі де, кетуі де анық көрсетілген.

— Билетті қай кассадан сатып алуға болады? Купелі вагонға билет бар ма?

— Билет бесінші кассада сатылады. Купелі вагонға да, плацкарт вагонға да билет бар. Пойыз бірінші жолдан жүреді.

— Рақмет. Сау болыңыз!

— Сау болыңыз!

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемді жаз.

1. Алғашқы теміржол Ежелгі Грекияның Коринф қаласында (жасалды, жазылды, пайда болды). 2. Жол 6 километр ұзын әктастан (құраған, ораған, құйғызған) ор болыпты. 3. Вагондарды (жылжыту, құлату, құйғызу) үшін құлдарды жұмсаған. 4. Орта ғасырда Еуропада ағаштан жасалған (ағашжол, әуе жол, теміржол) шахталарда кен тасуға пайдаланған. 5. (Көлік, трамвай, вагон) адам мен малдың күшімен жылжытқан.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Пойыздағы кездесу» деген тақырыпта шағын мәтін құра. Мәтінде өзгелік етісті қолдануға тырыс.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыр.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... сияқты тапсырмаларды орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

ЕСТЕ САҚТА!

Әкеммен бірге жолға шықтым. Жолда әжемнің дайындап берген жолазығын пайдаландық. Автобуска қарағанда, пойыздың билеті қымбат.

5-6-
сабақ

Азам ұшақпен шығып кетті

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жолсерік, ары-бері,
апат



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көлік, саяхат туралы мақал-мәтел жаз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінді мазмұндап айт.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сурет бойынша сұхбат құрыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жазда ұшақпен шетелге ұшасың. Ұшаққа қандай заттарды алуға болады? Тізімін жаса. Сол сөздермен сөйлем құра.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Жолсерік — жолаушыларға қызмет көрсететін адам. Олар пойыз вагон-ындағы тәртіпті бақылап, жолаушылардың жағдайын жасайды. Ұшақтағы жолаушылардың қауіпсіздігін, жайлылығын қамтамасыз ететін әуе кемесі экипажының құрамындағы маманды да «жолсерік» деп атайды. Жолсеріктер апат бола қалған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетуі керек. Олар ұшақта, пойызда қызмет көрсетіп, ақыл-кеңес береді.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Отбасыңмен бірге ұшақпен шетелге демалуға ұшып барасың. Кенет інің су ішкісі келетінін айтты. Жолсерікті қалай шақырасың? Көршіңмен осы тақырыпта диалог құр.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, жолсерікке арналған шағын нұсқаулық жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Әуежайдың анықтама бюросында» деген тақырыпта көршіңмен сұхбат құр.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

9-тапсырма. Мәтінді «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Әр азатжол не сөйлемге төмендегі белгілерді қой. Өз ойыңды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойыма қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

ЕСТЕ САҚТА!

Мен ағамды әуежайға шығарып салдым. Ол ұшақпен ұшып кетті. Мен ұшаққа қандай заттарды алуға болмайтынын білдім.

Кемеге отырып көргің бе?

7-8-
сабақ


ЖАҢА СӨЗДЕР

сақтан, жедел, жолдама,
зымырандай

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Жолаушы көліктері» тақырыбы бойынша кластер құр.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: жолдамамен шипажайға баруың керек еді. Жарты жолға келгенде шұғыл түрде кейін қайтуыңа тура келді. Бірақ пойызға билет жоқ. Ұшаққа билет алуға ақшаң жетпейді. Не істейсің?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫНДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Кеме — қандай көлік?
2. Адамдар суда жүзу үшін алғашқыда нені пайдаланған?
3. Қайық ненің діңінен жасалады?



Аудиомәтін

4. Қай ғасырдан бастап ескектің орнына желкен пайдаланылды?
5. Алғашқы кемелер қай жылдары жасалды? Қай мемлекеттерде жасалды?
6. Кеме жасауда қандай құрылғылар қолданылды?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінде айтылған ақпаратты қазіргі кемелер туралы мағлұматтармен толықтырып, өз ойыңды айт.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндерді түсініп оқы. Тақырып қой. Мәтіндегі ақпараттарды салыстырып, Венн диаграммасына түсір.

1. Ертеде адамдар ауыр жүкті арқалап, жаяу тасыған. Кейін көлік ретінде үй жануарларын пайдаланған. Қазақ халқы ат, түйені көлік етіп мінсе, бірқатар шығыс халықтары есек, бұқаларды, үндістер пілді көлік қылған. Солтүстік аймақтарда иттерді шанаға жегіп, көлік ретінде пайдаланады. Бірте-бірте адамдар күймені, ат арбаны ойлап тапқан. Күймемен баратын жерлеріне жеткен. Ат-арбамен шөп, ауыр жүк тасыған.

Қазіргі таңда бұл көліктердің маңызы төмендеді. Бүгінде көліктің түрі көп. Оларды суда жүзетін, жерде жүретін, әуеде ұшатын және жерасты көліктері ретінде бірнеше топқа бөлуге болады. Барлық көлікте қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Ол сені түрлі апаттардан сақтайды («Ақ желкен» журналынан).

2. Қайық — көліктің ең ескі түрі. Алғашқы қайықтар ағаштан жасалып, айналмалы ескектің көмегімен жүретін. Ежелгі мысырлықтар шамамен 5000 жыл бұрын өзенде, теңізде жүзу үшін алғаш рет желкенді пайдаланды.

Бүгінде кемелер сауда-саттық, құрылыс үшін, әскери мақсатта адам мен тауар, т. б. тасымалдауда пайдаланылады. Су көліктері айлақтар мен теңіз порттарын тұрақ ретінде қажеттеріне жаратады. Кемелерге арналып белгіленген теңіз бағыттары болады. Олар айлақтарға да белгілі кесте бойынша келеді. Қазіргі кезде зымырандай тез жүретін кеме көп. Жолаушылар мұндай кемелермен саяхаттауды ұнатады («Оқушының алғашқы энциклопедиясы» кітабынан).

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндер қандай жанрда жазылған? Ерекшелігін анықтап, талда.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді қойып, сөйлемді жаз.

1. «Титаник» — (жақсы, орта, жаман) жабдықталған жолаушылар кемесі.
2. Қазіргі (жолсерік, жолаушы, ұшқыш) кемесінің ішіндегі ең ұзыны — «Норвегия» лайнері. Оның ұзындығы — 315 метр. 3. «Күн ханшайымы» атты мұхит лайнерінің (бұрынғы, қазіргі, ежелгі) заманға сай жоғары класты қонақүйден ешқандай айырмасы жоқ. 4. Авиатасымалдаушы кемеге шабуылдауға арналған (ұшақтар, трамвай, автобус) алып жүретін, соларға қызмет көрсететін әскери кеме жатады.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптасып, бірің кеме капитаны, енді бірің тілші болыңдар.

Тілші капитаннан кеме туралы сұрап, капитан сұрақтарға жауап беруі тиіс.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Етістіктерге өзгелік етістің жұрнағын жалғап, сөйлем құра.

Арқала, тасы, пайдалан, мін, жек, тап, бөл, жаса, тасымалда, жарат.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең маңызды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білік-дағды алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Сабақта өзімді қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Адамдар алғашқы кезде суда жүзу үшін ағаштың діңін пайдаланған.
Болашақта кеме капитаны болғым келеді.

Әжел тоқымқазар жасады

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

аялда, жолайрық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Қазақтың өзің білетін салт-дәстүрі туралы айт.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөз орамдарын пайдаланып, көршіңмен шағын сұхбат құр.

- Жолың даңғыл болсын!
- Жолың болсын!
- Сапарың оң болсын! Сапарың сәтті болсын!
- Жортқанда жолың болсын!
- Аман барып, сау қайт!
- Ат-көлігің аман, қоржының толы болсын!

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Ақпарат бойынша өз ойыңды айт.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қосымшаларды жалғап жаз.

1. 1769 жылы Николая-Жосеф Куньо француз армиясына арнап тұңғыш рет өздігінен жүретін автокөлік құрас... . 2. Германиялық Карл Бенс 1885 жылы алғашқы автокөлігін жасап шығар... . 3. Чарльз Эдгар Дурей бауырымен бірге газбен жүретін алғашқы көлікті ойлап тап... . 4. 1960 жылдары әлемде электрлі механизммен жұмыс істейтін көлік қолданысқа ен... .

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Неге олай атағаныңды түсіндір.

Менің ағам өте білімді. Ол сабағына мұқият дайындалады. Түрлі байқауларға қатысады. Биыл ғылыми жобасын сәтті қорғап, жүлделі орынға ие болды. Енді республикалық байқауға кетті.

Әжем анама:

— Ертең туған-туыс, жора-жолдастарыңды шақыр. Тоқымқағар жасаймыз, — деді.

Мен әжемнен:

— Әже, «тоқымқағар» деген не? — деп сұрадым.

Әжем:

— Бала алғаш рет сапарға шыққанда жасалатын той, — деп жауап берді.

— Сонда ертең үйде той бола ма? — деп сұрады інім.

— Иә, құлыным, той болады. «Ағаң алыс сапардан аман-есен келсін!» деген ниетпен той жасаймыз. Үлкендер жақсы тілектерін айтады. Жақсы тілек — жарым ырыс, — деді әжем.

— Әже, мен де тілек айтамын ба? Қандай тілек айтамын? — деді інім.

— Айтатын тілек көп қой, қошақаным. «Ағамның сапары сәтті болсын. Елге тезірек аман-есен оралсын!» — деп айта ғой, — деді әжем.

— Алақай, онда мен осы тілекті айтамын. Кешке көп тәтті жейміз! — деп қуанды інім.

Ертеңіне тоқымқағар тойын жасадық. Тойға келгендер тілектерін айтты. Інім де, мен де айттым. Ағам сияқты менің де алыс сапарға шыққым келді. Енді мен де ғылыми жобаға қатысамын.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тілдік, жанрлық ерекшелігін анықтап, талда.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Тоқымқағарда айтылатын батаны оқы. Алдыңғы мәтіндермен салыстырып, стилін анықта.

Ер баланың бір тойы —
Тоқымқағар, білгенге.
«Жігіт болды!» деген сөз
Балаң атқа мінгенде.

Мықты болсын тақымың!
Қуансын алыс-жақының!
Атқа қондың жігіт боп,
Толсын енді ақылың!

kazakh.ru

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Менің алғашқы сапарым» деген тақырыпта шағын эссе жаз.

Талаптар:

- Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымаған дұрыс.
- Тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет.
- Өмірмен байланыстыру керек.
- Өзіндік тың пікірлер келтіру керек.
- Баяндау стилі нақты болуы шарт.
- Көркемдеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет.
- Көлемі — 150-170 сөз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Сұрақ сандық» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Ортаға екі сандық қойылады. Топтағы оқушылар тақырып бойынша 8 сұрақ құрастырып, сандыққа салады. Екі топ сандық алмасады. Балалар кезекпен сандықтан бір сұрақтан алып, жауап береді. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары дұрыс әрі қызық болса, сол топ жеңеді.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- Бүгін не үйрендің?
- Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
- Сабақтағы материалдан қандай ой түйдің?

ЕСТЕ САҚТА!

Бала алғаш рет үйден жырақта, алыс сапарда жүргенде тоқымқағар жасалады. Тоқымқағарда жақсы тілектер айтылады.

М. Мақатаев «Ермен, біз жол жүреміз»

11-12-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

жиіле

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мұқағали Мақатаев туралы айтылған пікірлерді пайдаланып, диаграмманы толтыр.

Мұқағали менімен танысқан кезінде 1955 жылы ауылда қазақ мектебінде орыс тілінен сабақ беретін мұғалім екен. Жасы жиырма бестерде. Орыс тілін өздігінен меңгерген. Мұқағали өте ашық мінезді, керемет адам болатын (Оразақын Асқар).

Мұқағали екеуіміз Қазақ радиосында бірге жұмыс істедік. Мен әншімін, ол — диктор. Менің байқағаным — ол қашан да кеудесін тік ұстайтын. Кімнің алдында болса да, пікірін ашық әрі нық айтады. Бірақ шуағы мол. Әдемі қалжыңдайды. Талантты, өнерді өте жоғары бағалайтын (Бибігүл Төлегенова).

Мұқағали — қазақ поэзиясының ұзақ сағынып көрген асыл перзенттерінің бірі. Ол — шын мәніндегі ұлттық құбылыс... Ол — халық болмысымен біте қайнасып кеткен ұлы тұлға. Ұлы құбылыс. Ұлы ақын (Әбіш Кекілбаев).



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мұқағали Мақатаев туралы ақпаратты пайдаланып, ақын туралы өз пікіріңді түйіндеп айт.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұндап айт.

Тірек сөздер: 1931 жылдың 9 ақпаны, аудандық газет, 1960-70 жылдары, 1948 жыл, орта мектеп, әдеби қызметкер, диктор, поэзия бөлімі, әдеби кеңесші.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


4-тапсырма. Мұқағали Мақатаевтың өлеңін мәнерлеп оқы. Өлең не туралы? Түсінгеніңді айт.

Ертең біз жол жүреміз

Жасың бар, жігіт-желең, шалдарың бар,
Ертең біз жол жүреміз, қамданыңдар.
Жол ұзақ, биік асу, сапар **алыс**,
Жаз өтер, күз де кетер, **тақалар** қыс.

Қамданыңдар, «Болашақ» деген елге
Қандай біз сый-сияпат апарамыз?
Қорқауды, өсекшілді қатарға алма,
Кеселін тигізеді сапарға алда.

Не бетімізді айтамыз Болашаққа
Жат қылықты қалдырмай апарғанда?
Жамандық атаулыны қалдырыңдар,
Суға батыр, отқа өрте, жандырыңдар.
«Болашақ» деп аталған өлмес-өшпес,
Жақсылықтан жаралған тағдырың бар.
Қыз-қырқын, жігіт-желең, шалдарың бар,
Ертең біз жол жүреміз, қамданыңдар!
...Тірі жетсең, Болашақ өзі айтады:
Қайсыңның қанша пұттық салмағың бар.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Өлеңнен ақынның ішкі сезімін білдіріп тұрған ауыспалы мағынадағы сөздерді теріп жаз. Олардың мағынасын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлең мәтініндегі қою қаріптермен жазылған сөздердің синонимін тауып жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Ақын адам бойындағы қандай қасиеттерді ерекше бағалайды? Өлеңнен қандай ой түйдің? Ойыңды қысқаша жаз.

8-тапсырма. Ақынның «Қамданыңдар, «Болашақ» деген елге қандай сый-сияпат апарамыз?» деген сөзін қалай түсіндіңдер? Ойларыңды ортаға салыңдар.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- М. Мақатаевтың өлең жолдарын қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерге өзгелік етіс жұрнақтарын жалғап, сөйлем құр.

Мұқағали Мақатаев жарты ғасырға жуық ғұмырында 1000-нан астам өлең, «Ильич», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек! Райымбек!», «Моцарт. Жан азасы» атты поэмаларын **жазды**. «Құлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже» әңгімелері мен «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» хикаяттарын, «Қош, махаббат» пьесасын жарыққа **шығарды**.

Дантениң «Қудіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бөлімін, Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін **аударды**.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Тақтаға М. Мақатаевтың «Ертең біз жол жүреміз» өлеңінен үзінді ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқып, тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңіп шығады.

ЕСТЕ САҚТА!

Мұқағали Мақатаев — талантты ақын. «Ертең біз жол жүреміз» атты өлеңінде болашақ өмірге қадам басу үшін әр іске жауапкершілікпен қарап, адамгершілікті сақтау керектігін айтқан.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-14-
сабақ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жолға шығу, жолаушыға байланысты айтылатын ырымдар мен тыйым сөздерді оқы. Өзің қалаған бір ырым туралы пікіріңді айт.

- Сейсенбі күні алыс жолға шықпайды.
- Сәрсенбі күні шыққан жолаушының жолы болады.
- Жолда кездескен адамнан: «Қайда барасың?» — деп сұрамайды, «Жолың оң болсын!» — деу керек.
- Жұма күні жолға шығуға болмайды.
- Жүретін жолдың уақытын нақты айтпай, «Бұйыртса», «Алла қаласа» деген сөздерді қосып айту керек.


АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Жағдаят: үлкен көшенің бойында бір топ бала футбол ойнап жүр. Сен автобус жүргізушісің. Балаларға жол жүру ережесін қалай түсіндіресің?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Алматы метрополитені — қандай нысан?
2. Ол — Орта Азиядағы нешінші метро?
3. Алматы метросы нені қысқартуға көмектесті?
4. Метроның ұзындығы — неше шақырым?
5. Метродағы жолақы — неше теңге?



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Дербес пікір» тәсілін қолданып, Алматы метросы туралы пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7-8 минут).

1. Өзіндік пікір (идея): бір сөйлем.
2. Дәлел: екі сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал: екі сөйлем.

4. **Өз пікіріне қарсы пікір:** бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал:** екі сөйлем.
6. **Қорытынды:** екі сөйлем.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тақырып қой.

Қазақ салтында жолға қатысты ырым-тыйым көп. Халқымыз «жолдың да иесі мен киесі болады» деп есептейді. Жолға шығу үшін өзі сәтті деп білген уақытты таңдайды. Жолына сәттілік тілейді. Жасы үлкен адамдардан бата алып, ақ жол сұрайды. Жолаушының жолын кеспейді, «жолаушының жолдасы — Қыдыр» деп есептейді. Қазақтар жол-жөнекей қонған қонақты күтіп, аттандырып отырады. Жолдасын жолда тастамайды. Жолға от жақпайды. Жол сұраған адамға көрсетіп жібереді. Аралас-құралас жүрген адамын «жолдас» деп атайды. Қазақ түстен кейін ұзақ жолға аттанбайды, түнде сапарға шықпайды.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерге өзгелік етістің жұрнағын жалғап, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Берілген материалдарды пайдаланып, ақынның өмірбаянын жаз.

1. Мұқағали Мақатаев — кім?
2. Ақынның «Ертең біз жол жүреміз» атты өлеңі не туралы?
3. Ақынның тағы қандай өлеңін білесің?
4. Ақын туралы кімдер пікір айтты? Олар ақынды қалай бағалады?

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. М. Мақатаевтың «Ертең біз жол жүреміз» өлеңі бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбат құр.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өзің оқитын мектептің 8-9-сынып оқушыларының арасында Мұқағали Мақатаев туралы білетіндерін анықтау үшін шағын сауалнама жүргізіңдер. Нәтижесін сыныпта талқылаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Менің тақырып бойынша алған әсерім» кестесін толтыр.

Жаңадан не білдің?	Не қиын болды?	Қай жұмыстарды қызыға орындадың?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

- Жақсы жолдың ұзыны жақсы,
Жаман жолдың қысқасы жақсы.
- Жолға шықсаң, жолдасыңды сайлап ал.

Мақал-мәтел

Ұлы даладағы ежелгі мәдениет

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау;
- кесте мен сызбаларда берілген ақпараттарды салыстыру;
- жанрлық және тілдік ерекшеліктерді анықтау;
- шағын мақала жазу;
- түрлі мәселелерге қатысты өз пікіріңді білдіру;
- қысқа аннотация жазу дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

байырғы, көшіп-қон, көшпенді, өжет, адамзат, жиһанкез, тайпа, күншығыс, тұрмыстық, көсем, құлиеленушілік, салт ат, соғыс қаруы, жүген, сауыт-сайман

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ


1-тапсырма. Суреттер туралы өз ойларыңды айтыңдар.

1. Суреттерде не бейнеленген?
2. Бұл — қай ғасырға тән суреттер?
3. Олардың бізге қатысы бар ма?



ТЫҢДАЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.



Аудиомәтін

1. Еуразия даласында кімдер қай жылдары мекендеді?
2. Ол тайпаларды гректер мен парсылар қалай атады?
3. Бұл тайпалар — қазіргі қай халықтың ата-бабалары?
4. Скифтердің ең күшті тайпасы қайсысы?
5. Скифтер қандай болды? Сипатта.
6. Бүгінде олардың қандай мәдени ескерткіштері бар?
7. Олар қандай атқа ие болды?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Скиф-сақ тайпаларының құрамына кімдер кірді? Кластерге жаз.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Картаға қарап, Ұлы даланың күншығысын, батысын, оңтүстігі мен солтүстігін мекендеген байырғы тайпаларды анықта.



ТІЛДІК БАҒДАР

Ортақ етіс

Ортақ етіс — қимылдың орындаушысы екі не одан көп екенін білдіретін етістің түрі. Ортақ етіс *-ыс, -іс, -с* жұрнақтарымен жасалады. Мысалы: *Сақ тайпалары бір-біріне көмектесті. Көмектесті* етістігінен бірнеше тайпаның әрекеті екені көрінеді.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына ортақ етістің жұрнағын жаз.

Ұлы қолбасшы — Еділ Еуропада бейбіт өмір орнатуға атсал...ты. Осылайша, адамзатты құлиеленушіліктен азат етуге көмекте...ті. Шығыс пен батыстың мәдениеті таб...ты. Еуропалықтар ғұндар әкелген мәдениетке тез үйрен...ті.

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

6-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Қазақтың Ұлы даласында мәдениет ежелгі заманда пайда болған. Ұлы даланы мекендеген **жиһанкез тайпалар көшпенділер** мәдениетін қалыптастырды. Олар бізге археологиялық деректер мен халықтың естелігі арқылы жетті. Еуразия құрлығындағы Ұлы Жібек жолы шығыс пен батысты сауда-экономикалық жағынан байланыстырды.

Байырғы ғұн патшасы — Еділ (Аттила) V ғасырда Еуропаға жорық жасап, тайпалардың басын біріктірді. Еділ ұлы қолбасшы әрі ақылды **көсем** болды. Ол Еуропада бейбіт өмір орнатты. Еділ патша Рим империясындағы **құлиеленушілікті** жойды. Осылайша, адамзатты құлиеленушіліктен азат етуге көмектесті. Еуропалықтар **өжет** ғұндардан соғыс өнері мен рыцарьлықты үйренді. Олар **салт** ат мінуді, киімді, қаруды ғұндардан алды. Ғұндар мен қыпшақтардан **соғыс қаруын** жасауды үйренді. Ғұндар Еуропаға монша, руна жазуды әкелді.

Ұлы дала көшпенділері адамзат тарихында бірінші рет жылқыны қолға үйретті, аттың **жүгені** мен екі дөңгелекті соғыс арбасын, қылышты ойлап тапты. Олар Енисейдегі, Алтайдағы, Қаратаудағы петроглифтерде бейнеленген. Көшпенділер **сауыт-сайман** мен **тұрмыстық** заттарды алтынмен, күміспен әшекейлеген. Бұл — көшпенділердің алтын мен күмісті пайдаланудың жоғары технологиясын меңгергенін көрсетеді. Есік қаласынан табылған «Алтын адам» — соның нақты дәйегі.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Толықтыру» ойыны. Әр жұп байырғы ғұн патшасы — Еділдің ерліктерін; Ұлы дала көшпенділерінің адамзатқа бергенін; еуропалықтардың ғұндардан не үйренгенін топтап жазсын. Жазғандарыңды келесі жұпқа беріп, бір-біріңді толықтырыңдар. Баяндаңдар.

Байырғы ғұн патшасы — Еділдің ерлігі	Еуропалықтардың ғұндардан үйренгендері	Ұлы дала көшпенділерінің адамзатқа бергені
1. Еуропаға жорық жасады; 2.	1. соғыс өнерін үйренді; 2.	1. аттың жүгенін ойлап тапты; 2.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлікке тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжол	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Түсінік» ойыны.

- Мәтіндегі негізгі тірек-термин сөздерді анықтап жаз. Әрқайсысына 2-3 ассоциация сөз жаз.
- Оның ішіндегі негізгі 1 сөзді белгіле.
- Белгілеген сөзді өзің қалай түсінетініңді жаз.
- Әр оқушы тірек сөзге берген анықтаманы оқысын. Жалпы ұқсастықтарды бөліп, сызсын.
- Ортақ түсінікті жазып, салыстырсын.

Үлгі: «Көшпенді» сөзі

• Өз жерінде көшіп-қонып жүргендер; күзеуге, қыстауға, жайлауға көшетін адамдар	• Өз жерінде көшіп-қонып жүргендер	• Беталды жүрмей, ата-бабаларының жерінде жүретіндер	• Әр оқушы белгілеген сөздеріне берген түсінігін оқиды.	• Барлық оқушы сөзге берген түсініктерін салыстырады. Ортақ шешім шығарады.
---	------------------------------------	--	---	---

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Сөздіктерді пайдаланып, синоним сөздерді топтап жаз. Әр сөзге бір сөйлемнен құра.

Байырғы, көсем, өжет, бұрынғы, басшы, батыр, сауыт-сайман, баһадүр, ежелгі, ер-тұрман, патша.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Ұлы даланы мекендеген тайпалар көшпенділер мәдениетін қалыптастырды. Олар бізге археологиялық деректер мен халықтың естелігі арқылы жетті» деген пікірге қалай қарайсың? Қазіргі өмірімізде байырғы скиф-массагет заманынан қалған белгілер бар ма? Ойыңды айт.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Үш топқа бөлініңдер. Әр топ бір ойбөлікке сұрақ дайындасын. Сұрақтарды келесі топқа қойсын.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. 1. Әр оқушы бүгінгі сабақтан түйгенін бір сөйлеммен жазады. 2. Жазылған ойды әр оқушы дауыстап оқиды. 3. Пікірі ұқсас оқушылар бір топқа жиналып, сабақ бойынша аннотация жазады.

ЕСТЕ САҚТА!

Сақ-скиф тайпалары көшіп-қонып, жерін сақтады. Адамзат тарихында «көшпенділер» деген атқа ие болып, көшпенділер мәдениетін қалыптастырды.

Қазақтар – Ұлы дала мұрагері

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

хандық, әскери құрылым, жсаулап алған, атәбзелдері, ер-тоқым, шығармашылықпен ойлау, руналық, жәдігер, би-шешендер ақылшысы, шешім, басқару, мұрагер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Егер мен ...» ойыны. Мәде қағанның «Жердің жақсы-жаманы болмайды. Жер — мемлекеттің негізі. Ол ешкімге берілмейді...» деген пікіріне қалай қарайсың? Мәде қаған ретінде пікіріңді айт.

Үлгі: Егер мен Мәде қаған болсам, былай дер едім: «Жер — мемлекеттің меншігі. Ол ешкімге берілмейді. Себебі...».

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Еуразия даласындағы тұңғыш империяны кімдер, қалай құрды?
2. Түркі қағанатынан кейін кімдер империя құрды?
3. Қазақ мемлекетінің құрылуына не негіз болды?

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Көне түркілердің рухани мәдениеті мен материалдық мәдениетін білдіретін сөздерді бөліп, екі бағанға жаз.

Жүген, руна, руналық жазу, сауыт-сайман, бес мың күй, атәбзелдері, ер-тоқым, музыкалық аспап, салт ат, жүк артатын арба, ауыз әдебиеті, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқ, бесік, тұрмыстық заттар.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қатыстырып, ортақ етісті сөйлем құр.

Хандық құру, жәдігер жинау, би-шешен, әділ шешім айту, руна жазуды шығару, ер-тоқым жасау.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Көшпенділердің материалдық мәдениеті көші-қонға, тұрмысқа ыңғайлы болды. Киіз үй, **атәбзелдері**, **ер-тоқым**, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқ, бесік, тұрмыстық заттар — көшпенділердің материалдық мәдениеті. Көшпенділердің рухани мәдениеті өте бай. Оларда **шығармашылықпен ойлау** жүйесі ерекше дамыды. Көне түркілер алғашқы әріп жазуының бір түрі — **руна** жазуды ойлап тауып, пайдаланды. Есік жазуындағы 17 әріптің 13-і — көне түркі алфавиті.

Бұл — V ғасырда түркілердің жазуы мен әдебиеті, рухани байлығының жоғары деңгейде дамығанын көрсететін аса құнды **жәдігер**.

Түркілер мемлекетті дала демократиясына сүйеніп басқарды. **Би-шешендер** ханның білгір ақылшысы, кемеңгер кеңесшісі болды. Би-шешендердің дана ойлары, тапқыр сөздері, **әділ шешімдері** мемлекетті демократиялық **басқаруға** жол ашты. VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты. Би-шешендер бай ауыз әдебиетін қалдырды. Көшпенділердің бірегей мемлекеттік құрылымы дамыды. Қазақ хандығы кезінде ғана аспапта орындалатын 5000-дай күй дүниеге келген. Бүгінгі қазақ халқы — сол өркениеттің тікелей **мұрагері**.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көшпенділердің материалдық мәдениетін кластерге түсіріп, суреттерінен постер құрастыр.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, көшпенділердің рухани, материалдық жәдігерлерін теріп жаз.

Көшпенділердің материалдық мәдениетінің жәдігерлері:

...
...

Көшпенділердің рухани мәдениетінің жәдігерлері:

...
...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлікке тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжол	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Түсінік» ойыны.

1. Мәтіндегі негізгі тірек-термин сөздерді анықтап жаз. Әрқайсысына 2-3 ассоциация сөз жаз.
2. Оның ішіндегі 1 негізгі сөзді белгіле.
3. Белгілеген сөзді өзің қалай түсінетінін жаз.
4. Кезекпен тірек сөзге берілген анықтаманы оқыңдар. Жалпы ұқсастықтарды бөліп, сызыңдар.
5. Ортақ түсінікті жазып, салыстырыңдар.

Үлгі: «Ер-тоқым» сөзі.

• Жүген; абзел.	• Жүген	• Атты керек жаққа бұру үшін басына кигізетін, қайыстан жасалған абзел.	• Әр оқушы белгілеген сөздеріне берген түсінігін оқиды.	• Барлық оқушы берген түсініктерін салыстырады. Шешім шығарады.
-----------------	---------	---	---	---

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтіннен түркілердің мемлекет басқару ерекшелігін тауып, оқы. Кестеге жаз.

Түркілер мемлекетті неге сүйеніп басқарды?	Хандар мемлекет басқаруда кімдерден ақыл-кеңес алды?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтінді оқып, би-шешендерге сипаттама бер. Олардың қасиеттерін санамалап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Көп нүктенің орнына ортақ етістің жұрнағын жаз.

1. Би-шешендер талас тудырған мәселе бойынша айт...ты.
2. Би-шешендер әділ шешімдерімен әрқашан халыққа бол...ты.
3. Би-шешендер елді хандармен бірге басқар...ты.
4. Олар хандардың ел билеуіне көмекте...ті.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Көшпенділердің материалдық жәдігерлеріне не жатады?
2. Рухани жәдігерлеріне не жатады?
3. Түркілер мемлекетті қалай басқарды?
4. Қазақтың би-шешендерінің мемлекет басқарудағы рөлі қандай болды?

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытыңдар. Әр оқушы бүгінгі тақырыпқа қатысты тұжырымын айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өз тұжырымын айтады. Үшіншісі екеуінің айтқанын қайталап, өзінің пікірін қосады. Осылайша, бүкіл сынып алған білімін талдайды.

ЕСТЕ САҚТА!

Түркі қағанаты империя құрды. Қазақ хандығы құрылды. Мәдени жәдігерлер: ер-тоқым, руна жазу, би-шешендердің сөздері. Елді әділ шешіммен басқарды.

5-6-
сабақ

Қазақтың халық күнтізбесі

ЖАҢА СӨЗДЕР

жұлдызшы, жорамал, диқаншылық, күндіз-түні, күнкөріс, ұлу, ұзақтық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Түркілер жыл мезгілін маусымға бөліп, «күнтізбе» ұғымын қалыптастырды. Қазақ күнтізбесі табиғат құбылыстарын бақылаудан туды. Халық табиғат

құбылыстарын, күн мен түннің, жыл мезгілдерінің (жаз, қыс, күз, көктем) ауысуын, айдың тууы мен батуын, айналып келуін, жұлдыздардың орналасу тәртібін, күннің **ұзақтығын** бақылады. Осы тәжірибені **күнкөрісіне**, шаруашылығына пайдаланды. Қазақтар күнтізбе арқылы жайлауға көшудің, күзеуге, қыстауға қайтудың уақытын белгіледі. Оны малшаруашылыққа, **диқаншылыққа** пайдаланды. Күнтізбені есептеп, егін екті, шөп шапты.

Күн райын **болжайтын жұлдызшылар** болды. Олар қазақ күнтізбесінің есебін жүргізді. Әр мезгілдің қандай болатынын айтып, алдын ала **жорамал** жасады. Күн райын халыққа хабарлап отырды.

Қазақтар ғаламшарларды, жұлдыздарды жақсы таныды. Қазақ күнтізбесінде он екі айды бір жылға, үш айды бір тоқсанға, жеті күнді бір аптаға, бір күн мен бір түнді бір тәулікке есептеді. Әр айға атау берді: наурыз, сәуір (көкек), мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыргүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан. Байырғы қазақ күнтізбесінде жыл басы наурыздан басталған. Наурызда жаңа жыл — наурыз мейрамын тойлады. Қазақтар уақыт есебін мүшел жылы бойынша жүргізді. Әр жыл хайуан атымен (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) аталды. Байырғы заманнан өмір тәжірибесіне негізделген қазақ күнтізбесі бүгінге дейін қолданылуда.


kk.wikipedia.org

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы, кімдер туралы сөз болады?
2. Түркілер әлемді қалай қабылдады? Оған не негіз болды?
3. Қазақ күнтізбесі қалай қалыптасты?
4. Аспан денелеріне қандай ат қойды?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Халық қандай табиғат құбылыстарын бақылады? Кластерге жинақта.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Табиғат құбылыстарын бақылағаннан жинақталған тәжірибені қай кезде, неге пайдаланды?

Табиғат құбылыстары:
табиғат құбылыстарының алмасуы;
...

Тәжірибені пайдалану салалары:
күнкөріске;
...


ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Қою қаріппен жазылған етістіктерді ортақ етіске айналдыр.

1. Түркілер жыл мезгілін маусымға **бөлді**.
2. Халық табиғат құбылыстарының айналып келуін **бақылады**.
3. Осы тәжірибені халыққа **таратты**.
4. Жұлдызшылар күнтізбе арқылы көшудің уақытын **белгіледі**.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Қазақ күнтізбесіндегі уақыт айналымын жаз.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Диалог. Әрқайсың сыныптағы үш оқушыдан қай айда, қай жұлдызнамада туғанын сұрап, кестеге жазыңдар. Интернетті пайдаланып, жұлдызжорамалын құрастырыңдар. Жұлдызнамашы ретінде айтып бер.

Жыл аттары	тышқан	сиыр	барыс	қоян	ұлу	жылан	жылқы	қой	мешін	тауық	ит	доңыз
Ай аттары	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыргүйек	қазан	қараша	желтоқсан	қаңтар	ақпан
Жұлдызша белгісі	тоқты	торпақ	егіздер	шаян	арыстан	биқеш	таразы	сарышаян	мерген	тауешкі	сұқйғыш	балық

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңнен жазбаша сұхбат алыңдар.

1. Бүгін мен ... білдім.
2. Маған ... қызық болды.
3. Мен үшін ... қиын болды.
4. Мен ... тапсырмаларды орындадым.
5. Мен ... екенін түсіндім.
6. Енді мен ... жасай аламын.
7. Мен ... үйрендім.
8. Менің қолымнан ... келді.

ЕСТЕ САҚТА!

Жұлдызшылар алдағы айларға жорамал жасады. Оны малшаруашылыққа, диқаншылыққа пайдаланды. Күнкөріс үшін күні-түні табиғатты зерттеді.

Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

күншуақ, өсиет


МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Ілияс Есенберлин (1915-1983) — қазақтың көрнекті жазушысы. І. Есенберлиннің көптеген өлеңі, поэма, дас-тан, повесть, романдары бар. Ең көрнекті шығармасы — «Көшпенділер» трилогиясы. Шығармалары украин, латыш, литва, башқұрт, венгр, поляк, ағылшын, неміс, француз, қытай, араб, испан және т. б. тілдерге аударылған.

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи шығармасы үш бөлімнен тұрады: «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар». Трилогияда XV-XIX ғасырлардағы қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі көркем суреттелген. Жазушы тарихи деректерге сүйеніп, қазақ халқының өміріндегі аса маңызды оқиғаларды,



сыртқы жаумен күресін суреттейді. Романның негізгі идеясы — қазақ руларының бірігуі, бір хандықта бейбіт өмір сүруі. Автор тарихи қайраткерлердің бейнесін жасаған. Тарихи оқиғаларды хронологиялық ретімен берген.

kk.wikipedia.org

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. I. Есенберлин — кім?
2. Жазушының «Көшпенділер» трилогиясы неше бөлімнен тұрады?
3. Шығарманың негізгі идеясы қандай?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді мұқият тыңдап, үш топ өзіне тиесілі бөліктің негізгі тірек сөздерін анықтасын. Әр топ ойын ортаға салсын.

Романның бөлімі / оқиғалары	Не суреттеледі?	Кезеңі (ғасыр)	Хандар
«Алмас қылыш» романы			
«Жанталас» романы			
«Қаһар» романы			

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

ШЫҢҒЫСХАННЫҢ ӨСИЕТІ

Ел билеу! Бұл — мансапқор жанның ұлы тілегі. Әбілқайыр ханның ойына «Шыңғыстың ел билеу жөнінде балаларына айтыпты-мыс» деген қағидасы түсті. Ұлы хан жаулап алған жерін төрт ұлысқа бөліп, төрт баласына беріпті. Сол **мәжілісте** әкесінен **өсиет** естігісі келген үлкен ұлы — Жошы:

— Ұлы мәртебелі, әлем әміршісі, хан қандай болуы керек? — деп сұрапты. Шыңғыс:

— Хан халқының көңілін табу үшін ақылды, мінезі **күншуақты**, ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек, — деп жауап беріпті.

Шыңғыстың екінші баласы — Жағатай:

— Ханды қайткенде халқы сыйлайды? — деп сұрапты.

Шыңғысхан:

— Халқың сыйласын десең, тағыңнан түспе, — деп жауап беріпті.

Шыңғысханның үшінші баласы — Үгедей:

— Хан қайткенде тағынан түспейді? — деп сұрапты.

Шыңғысхан:

— Маңына өзінен ақылы төмен, бірақ құлқы өзіндей адамдарды жинай білсе, сол хан тағында ұзақ отырады, — деп жауап беріпті.

Шыңғыстың төртінші баласы — Төле:

— Қандай хан абыройлы болады? — деп сұрапты.

Шыңғысхан:

— Ойынан шықпаған туған баласын да бауыздай алатын хан әрқашан да абыройлы болады, — деп жауап береді.

Шыңғысханның осы төрт ақылын алған төрт баласы өле-өлгенше абыройлы хан болып өтіпті-мыс.

І. Есенберлин «Көшпенділер»

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға ойланып жауап беріңдер.

1. Шыңғысхан туралы не білесің?
2. Оның ұлдары туралы не білесің?

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Шыңғысханның «Хан халқының көңілін табу үшін ақылды, мінезі күншуақты, ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек» деген пікірімен келісесің бе? Ойыңды дәйекте.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Ханның Жағатайдың сұрағына берген жауабын теріске шығар. Ойыңды дәйекте.

Үлгі: Ханның «Ханды қайткенде халқы сыйлайды?» деген сұраққа берген жауабымен келіспеймін. Себебі халық сыйлау үшін тақтың керегі жоқ. Ол үшін адам ... (қандай) болуы керек.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Шыңғыс ханның Үгедейге берген жауабымен келісетініңді айт. Төмендегі пікірлердің бірін таңдап, өз ойыңды дәлелде.

1. Тақта ұзақ отыру үшін өзіңнен төмен адамдарды басқару оңай. Олар не айтсаң да, көне береді. Себебі ...
2. Тақта ұзақ отыру үшін құлқы өзіңдей адамдарды жинау керек. Олар хан болғысы келеді, бірақ өрелері жетпейді. Себебі ...

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Шыңғыстың Төлеге берген жауабымен келіспейтініңді дәлелде.

Үлгі: «Туған баласын өлтіруге бара алатын хан абыройлы болады» деген сөзбен келіспеймін. Ондай ханды басқалар қорыққанынан сыйлайды. Қорқытып ешқашан абырой жинай алмайсың. Себебі...

ЕСТЕ САҚТА!

Шыңғыс хан мәжілісте өсиет айтады. Ақылды, мінезі күншуақты адамды бәрі сыйлайды.

9-10-
сабақ

Мысырды билеген Қыпшақтар

ЖАҢА СӨЗДЕР

қауіп төнді, пәуеске, нөкер, шаһар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттерде кім бейнеленген?
2. Не себепті үш түрлі сурет берілген?
3. Суреттерде қандай шығарманың кейіпкері бейнеленген?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бейбарыс сұлтан туралы не білесің?
2. «Бейбарыс сұлтан» фильмін көрдің бе?

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

XII ғасырда Мысырды шығыстан моңғолдар шабуылдаса, батыстан крестшілер шабуылдады. Мұсылмандардың мәдениет-ғылым орталығы — Мысыр мен Сирияға **қауіп төнді**.

Сирия әскерінің қолбасшысы — Бейбарыс баһадүр мәмлүктер гвардиясымен Бағдатты босатты. Бейбарыс — қыпшақ жерінен құлдыққа сатылып, қолбасшы деңгейіне көтерілген қыпшақ баласы. Одан кейін Бейбарыс Сирияны Шыңғыс ханның немересі — Құлағудың әскерінен босатты. Екі жылдан кейін Құлағуды бүкіл Мысыр жерінен қуды. Ал 1291 жылы қыпшақ мәмлүктері Сириядан крест ұстаушыларды біржолата қуып, рыцарьлардың шығыстағы ең ақырғы қорғаны — Акра қаласын алды.

Сөйтіп, мәмлүктер араб жауынгерлерімен бірігіп, Мысыр мен Сирияны моңғолдардан құтқарды. Әлемге әйгілі өнер-ғылым ошақтары болған Отырар, Самарқан, Киевтердің халіне жеткізбей, Каир, Алжир, Кордоваларды аман сақтап қалды.

Мәмлүк сұлтандар басқарған Мысыр жерінде қыпшақтар Алтын Орда мен қазақ жерінің әдет-ғұрпын, тәртіп-дәстүрін енгізді. Ата-бабасы қыпшақтан шыққан мәмлүк сұлтандардың жолында **күнұзақ** сырнай тартқан жүздеген нөкер тұрды. Қыпшақша киінген сән-салтанатты нөкерлер Бағдат, Мысыр, Мекке, Каир шаһарларының көшелерін басына көтерді. Қыпшақтың **бектері** мен байлары өздерінің жас кездерінде бабалары мінген пәуескемен Ніл өзенінің жағасында серуендеді. Мәмлүктер сот ісін де Дешті қыпшақ жобасымен жүргізді.

І. Есенберлин «Көшпенділер»

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мысырды шабуылдаған елдерді кластерге түсір.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен берілген ақпараттарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап бер.

	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Мысырды моңғолдар шабуылдаған жоқ.		
2	Бейбарыс баһадүр мәмлүктер гвардиясымен Бағдатты босатты.		
3	Бейбарыс — қырғыз жерінен құлдыққа сатылған қолбасшы.		
4	Қыпшақ мәмлүктері 1291 жылы Сириядан крест ұстаушыларды қуып шықты.		
5	Мәмлүк сұлтандар Мысырға Алтын Орда мен қазақ жерінің әдет-ғұрпын енгізе алмады.		

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөліктегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжол	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			
2-азатжол			
3-азатжол			

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жоспарды мәтіннің мазмұны бойынша орналастыр.

1. Мысыр мен Сирияға төнген қауіп А.
2. Сирия әскерінің қолбасшысы — Бейбарыстың Бағдатты босатуы Ә.
3. Бейбарыс сұлтанның шыққан тегі Б.
4. Сирияны босату В.
5. Құлағудың қуылуы Г.
6. Ақра қаласын босату Ғ.
7. Мәмлүктердің араб жауынгерлерімен бірігуінің нәтижесі Е.
8. Мысырға қыпшақтардың әдет-ғұрпын енгізу Ж.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

8-тапсырма. Жағдаят: 1. Сен балалар журналының тілшісің. Газетке Бейбарыс сұлтан туралы аннотация жазуың керек. Мәтін негізінде Бейбарысты суреттеп жаз. 2. Баспасөз беттерінен Бейбарыс сұлтан туралы ақпарат жинап, шағын мақала жаз. Оны аннотациядағы ойыңмен салыстыр. Қандай жаңа ақпарат жазылғанын анықта. 3. Сыныпта газет шығарыңдар. Оған ең үздік үш мақаланы жариялаңдар.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытыңдар. Әр оқушы бүгінгі тақырыпқа қатысты тұжырымын айтады. Екінші оқушы оның айтқанын қайталап, өз тұжырымын айтады. Үшіншісі екеуінің айтқанын қайталап, өзінің пікірін қосады. Осылайша, бүкіл сынып алған білімін талдайды.

ЕСТЕ САҚТА!

Бейбарыс баһадүр мәмлүктер гвардиясымен Бағдатты босатты. Бейбарыс — қыпшақ жерінен құлдыққа сатылып, қолбасшы деңгейіне көтерілген қыпшақ баласы.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-
сабақ

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер:

1. Ұлы далада кімдер өмір сүрді?
2. Олар — кімдердің мұрагері? Дәлелде.
3. Көшпенділердің адамзат дамуына қосқан үлесі туралы айтып бер.

Ежелден Тынық мұхиттан Дунайға дейінгі аралық «Ұлы дала» деп аталған. Онда арғымақ мініп, сауыт-сайман асынған **көшпенділер** өмір сүрді. Олар — кешегі сақтар, ғұндар, түркілер. Қазақтар олардың ескерткіш-**жәдігерін**, мәдениетін **сақтап қалды**. Демек, Ұлы даланың иесі — кешегі күнше күркіреп өткен сақтардың, ғұндардың, түркілердің **мұрагері** — қазақтар. Бір кезеңдері Ұлы даланы «Дешті қыпшақ», «Жошы ұлысы», «Алтын Орда», «Ақ Орда» деп те атады. Қалай атаса да, бұл өлке «Ұлы дала» деген атауды сақтап қалды. Ұлы далада өмір сүрген **көшпенділердің** адамзаттың дамуында алар орны ерекше. Көшпенділер тері илеп, киім киді, алтын, күмісті ерітті, темірден **қару соқты**, арғымақ мінді, **арбаны** ойлап тапты. Сөйтіп, әлем тарихында «Ұлы дала» деген атау қалыптастырды.

«Айқын» газетінен

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін құра.

1. Ұлы дала	Ұлы дала мұрагерлері, ..., ...
2. Көшпенділер	көшпенділер мәдениеті, ..., ...
3. Жәдігерлер	материалдық жәдігерлер, ..., ...
4. Сақтап қалды	сақ мәдениетін сақтап қалды, ..., ...
5. Мұрагер	түркілердің мұрагерлері, ..., ...

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрастыр. Мәтіннің кіріспесі — 3 сөйлем, негізгі бөлімі — 8 сөйлем, қорытынды бөлімі — 3 сөйлем болсын. Мәтін құрастыруда алдыңғы сабақтарда өткен жаңа сөздерді пайдалан.

Мысалы: байырғы, көшпенділер, Ұлы дала, атабзелдері, ер-тоқым, көшіп-қон, көшпенді, өжет, адамзат, жиһанкез, тайпа және т. б.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. 1. Мәтінді оқып, негізгі ойын анықта. 2. «Қазақтар көшпелі өмір сүрді», «Қазақтар отырықшы өмір үлгісін жасады» деген екі көз-қарасқа қатысты пікірінді айт.

Қазақ халқы көшпенді болып, ешқашан өзге елдің жеріне барған жоқ. Ұлы даланың ұрпақтары ата-бабасынан қалған байтақ жерде өмір сүрді. Қазақтар табиғат ерекшелігіне қарай бір жерде қыстап, екінші жерді жазғы жайылым етті. Қыста қыстауға, жазда жайлауға, күзде күзеуге көшті. Қазақтың әр руы өзіне тиесілі, кіндік қаны тамған туған жерінде өмір сүрді.

Ұлы дала ұрпақтары отырықшы өмірдің де үлгісін жасады. Моңғол шапқыншылығына дейін Ұлы далада Отырар қаласы салтанат құрды. Отырар қаласы ежелгі Дешті қыпшақ заманында мәдениеті дамыған орталық болды. Медреселер ашылып, Ұлы Жібек жолы арқылы сауда-саттық дамыды. Сол жерде ғұлама Әл-Фараби дүниеге келгені тарихтан аян. Атақты Отырар кітапханасы Шыңғысханның шапқыншылығы кезінде жойылған.

Қазақтар көшпелі өмір сүрді.
Менің пікірім: ...

Қазақтар отырықшы өмірдің
үлгісін жасады. Менің пікірім: ...

Заң — адам құқығы мен бостандығының кепілі

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікіріңді білдіру;
- тыңдалым материалының мазмұны негізінде мәселеге қатысты сыни көзқарасыңды білдіру;
- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойыңды жеткізу;
- коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу әдебі формаларын дұрыс таңдай білу;
- ғылыми стильде жазылған еңбектердің (аннотация, тезис) тілдік, жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау;
- мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау;
- аннотация жазу;
- ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және мәтінде, жазба жұмыстарда қолдана білу дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

әділет, ар-намыс, құқылы, құқық, кепіл

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ». Сызбадағы терминдерге қатысты сұрақтарға жауап бер:

1. **Қайда?** Бұл термин саған таныс па? Қайда кездестірдің?
2. **Қалай?** Бұл терминді қалай қолдандың?
3. **Қандай?** Сабақта бұл терминдер қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз. Қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тап.

Ата заң —	ұлттың әділетті ар-намыс кодексі болды.
ҚР «Білім туралы заңы»	заңға бағынуы тиіс.
«Жеті жарғы»	саламатты өмір салтының негізі.
Өз құқығыңды білу —	қоғам өмірін реттеудің басты кепілі.
Сөз бостандығы да	оқу мекемелеріндегі жеткіншектердің құқығын қорғайды.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. «Адам құқығы» дегенді қалай түсінесің?
2. «Бостандық» ұғымы нені білдіреді?
3. «Құқық» және «бостандық» ұғымдарының арасында қандай байланыс бар?
4. «Заң» деген — не? Заңның адам өміріндегі маңызы қандай?
5. Қазақстан Республикасының қандай заңдарын білесің?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

«Адам құқығы — адамның өз мүддесін заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігі» дегенді қалай түсінесің?

Адам құқығының қандай түрлерін білесің?

Адам құқығының қағидалары қай бапта қарастырылған?



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тірек сөздерді жаз. Мәтіннің стилін анықта. Мазмұнына сүйене отырып кластер құр.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар құрастыр. Өзара пікір таластырыңдар.

ТІЛДІК БАҒДАР

ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС

Ырықсыз етісте іс-әрекеттің иесі арнайы айтылмай, қимылдың орындалғаны ғана көрінеді. Ырықсыз етіс етістікке *-ыл, -іл, -л жұрнағы* жалғану арқылы жасалады: *сөз айтылды, уәде берілді, шарт жасалды және т.б.* Етістіктің түбірінде *л* дыбысы болса, қосымша *-ын, -ін, -н* түрінде жалғанады. Мысалы: *үй тазаланды, қамал алынды, қора салынды және т.б.* Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады. Мысалы: *сөз айт-ылды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды, үй таза-ла-н-ды, қамал ал-ын-ды, үй сал-ын-ды, т. б.*

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Суреттер бойынша адам құқығы жөнінде шағын мәтін құрап жаз. Ырықсыз етістерді қолдан.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықта. Күрделі жоспар құр.

Елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына ерекше назар аударылып келеді. Оның айқын көрінісі — Конституциямыздың 1-бабында адам құқықтарын сақтау нормасы бекітілген. Ал 30-бап түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналған. Бұл — ашық демократиялық қоғамда барлық құндылықтың ішінде адам құқығы мен бостандығы ғана ең маңызды саналатынын білдіреді. Адам құқығы мен бостандығын сақтауға, олардың орындалуына кепілдікті күшейтуге ерекше назар аударылады. Бұл мәселелердің қалай жүзеге асып жатқанын Президент жанындағы Адам құ-

қықтары жөніндегі комиссияның жұмысынан байқауға болады. Ол — еліміздегі адам құқығы бойынша мамандандырылған алғашқы ұлттық мекеме.

1994 жылғы 12 ақпанда Елбасы «Адам құқығы бойынша республикалық комиссияны құру туралы жарлыққа» қол қойды. Осы кезден бастап Адам құқығы бойынша комиссияның жаңа ережесі бекітіліп, жұмыс істеп келеді. Бұл — осы мекеменің мәртебесін көрсетеді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі адам құқығына қатысты термин сөздерді тауып жазып, мағынасын анықта. Түсінгеніңді айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес кіріспе және қорытынды бөлімдерін айт.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мақал — сөздің мәйегі. Мақал-мәтелді дұрыс нұсқасын қойып, толықтырып жаз. Оларды пайдаланып, қоғамдағы әділеттілік жөнінде пікіріңді айт.

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын), (аса ұзын).
2. Ұрлық түбі — ... (қорлық), (азап).
3. Тәрбие басы — ... (тал бесік), (ақ бесік).
4. Әділ істің ... (арты игі), (арты жақсы).
5. Біреуге ор қазба, ... (өзің түсесің), (құлап кетесің).
6. Қолыңмен істегенді ... (мойныңмен көтер), (басыңмен көтер).

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Сәйкесін тап. Сөйлемдерді мәніне қарай сәйкестендір.

1.	Қазіргі замандағы адам құқығы —	А	адам құқығы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытып, нығайтуда да шешуші рөл атқарады.
----	---------------------------------	---	--

2.	Дипломатия, мемлекетаралық қатынастарды қалыптастыруда ғана емес,	В	жоғары құндылық, оны құрметтеу, сақтап, қорғау — мемлекеттің міндеті.
3.	Сондықтан бүгінгі қолданылып жүрген адам құқығын қорғаудың халықаралық әмбебап және	С	жалпыадамзаттық мәдениеттің қуатты бөлігі.
4.	Адам құқығы —	Д	өңірлік тетіктері нақ осы дипломатиялық өнердің арқасында сәтті әзірленген.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек — ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Елімізде адам құқығы Ата заңымыз — Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Екінші бөлімінің 30-бабы түгелімен азаматтардың құқығы мен бостандығына арналған.

Мемлекеттік заң және азамат құқығы

3-4-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

азамат, қоғамдық,
шекте, жаза

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Адам өз құқын қорғау үшін нені білуі керек?
2. Адам құқығы мен бостандығын шектеу мүмкін бе? Ол туралы қандай мемлекеттік құжаттарда айтылған?
3. Сен өз құқыңды қорғай білесің бе? Нақты мысалмен дәлелде.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тірек сөздердің түсіндірмесін жаз.



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінге қандай ат қояр едің?
2. «Адам», «жеке адам», «азамат» ұғымдарын сипатта. Олардың ортақ тұстары мен айырмашылықтары неден көрінеді?
3. Адам құқы қалай сипатталады?

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Төрт сөйлем». Тыңдалған мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелдеп жаз. Пікіріңді құрмалас салалас сөйлем түрінде құра.

Бірінші сөйлем: Менің ойымша,

Екінші сөйлем: Себебі ол

Үшінші сөйлем: Оны «...» сияқты деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім.

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қойып, күрделі жоспар құр.

Еліміз тәуелсіздігін алып, өз алдына дербес мемлекет бола бастаған күннен-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына үлкен мән беріліп келеді. Бұған басты дәлел — Ата заңымыздың түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналғандығы. Бұл — демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары өте маңызды болып саналатындығының айғағы. Елбасымыздың сара саясатының негізінде әрбір азаматтың құқығы ерекше қорғалады. Ол дипломатия, мемлекетаралық қатынастарды қалыптастыруда ғана емес, адам құқығы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытып, нығайтуда да шешуші рөл атқарады.

Тәуелсіздікке қол жеткізу қаншалық қиын болса, оны сақтап, нығайту жолындағы қиындықтарды еңсеру де оңай емес екені тарихтан белгілі. Өркениет көшін алға жылжытуда Елбасымыздың рөлі зор. Ел алдында: «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садақа ететін осындай текті халыққа, мені «ұлым» деп, «перзентім» деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақыты — толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ. Осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, кез келген тәуекелге барамын», — деген Елбасымыздың халқына деген перзенттік, патриоттық сезімі осы кезге дейін аянбай атқарған іс-әрекетімен астарласып жатқанының куәсіміз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**6-тапсырма.** Мәтіннен ырықсыз етістері бар сөйлемдерді тауып жаз. Жасалу жолдарын түсіндір.**МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС****ЖАЗЫЛЫМ****7-тапсырма.** Елбасының Қазақстан халқына жолдауларының бірінен адам құқығына қатысты ойын тауып, жаз. Мағынасын өз сөзіңмен таратып, түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Суреттерге қарап, сипаттамалық мәтін құрап айт.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Адам құқығы — жалпыадамзаттық мәдениеттің қуатты бөлігі» деген тақырып бойынша өз пікіріңді тұжырымдап жаз.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма «Адам құқығы — жоғары құндылық» деген тақырыпта пікір алмасындар.

Пікір алмасуға қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- көркемдеуіш құралдарды орынды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- ойды жүйелі жеткізу.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Дербес пікір». Сабақ тақырыбына қатысты пікіріңді салалас құрмалас сөйлем түрінде жаз.

1. **Өзіндік пікір (идея)** — бір сөйлем.
2. **Дәлел** — екі сөйлем.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал** — екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** — бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** — екі сөйлем.
6. **Қорытынды** — екі сөйлем.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Аквариум». Жұптық жұмыс. Интернеттен адам құқығы мен бостандығы туралы ақпарат жинап, диалог құрыңдар. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жаз-
баша жауап бер.

- Бүгін не үйрендің?
- Сен үшін қай тапсырма қызық болды?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабақта нені басты назарда ұстау керек?

5-6-
сабақ

Баланың құқығы мен бостандығы мемлекет назарында

ЖАҢА СӨЗДЕР

бұзақылық, бүлдіру, жаза, жой, жүзеге ас, тергеу, куәгер, қылмыскер

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беретіндей, аудитория алдында сөйлейтін орта көлемді монолог дайында.

1. «Отбасы — шағын мемлекет» дегенді қалай түсінесің?
2. Отбасындағы баланың міндеті мен құқығы қандай?
3. Отбасындағы бала құқының сақталуына кімдер жауапты?
4. Бала құқы неше жасқа дейін сақталуы керек?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша сюжетті, шағын әңгіме құра. Басты кейіпкерге ат қой. Оның саламатты өмір салты жөнінде баянда.



Аудиомәтін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫНДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «INSERT» оқыту стратегиясы. Мәтінді тыңдап, тезис жаз. Мәтін бөліктеріне белгі қой. Ол белгілер «бұрыннан білемін», «мен үшін жаңа» деген мазмұнда болуы тиіс.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Сөйлемді жалғастыр». Мәтін мазмұны бойынша 1-оқушы құрмалас сөйлемнің бірінші бөлігін айтады, 2-оқушы оны жалғастырады.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Қазақ елінің заңын жасауға, әдет-ғұрпының сақталуына үлес қосқан үш кемеңгер — Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Олар туралы «Билер сөзі — ақылдың көзі» деген тақырыпта ойтолғау жаз.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- тақырыпты аша білу;
- өз ойын еркін жеткізе білу;
- дәлелдер мен дәйектерді қолдана білу;
- тілдік нормаларды сақтай білу.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. «Түртіп алу» стратегиясы бойынша мәтінді оқы. Сызбаға түсір. Сызба бойынша өз ойыңды айт.

«Конвенция» деген — арнаулы мәселелер жөніндегі келісімшарт. Конвенция негізінде



2002 жылы тамызда Қазақстанда «Балалар құқы туралы заң» қабылданды. Бұл заң 9 тарау, 53 баптан тұрады. Осы ережелерді бұлжытпай орындау — біздің отанымыз, халқымыздың алдындағы парызымыз. Өмірдегі келеңсіз жағдайлардың көбі осы заң талаптарын, тәртіп талаптарын білмейтіндігімізден туындап жататын секілді.

Заң — қоғамның негізгі тірегі. «Қоғам» деп отырғанымыз — біздер.

Конституция — елдің барлық ережесі жинақталған, мемлекеттің негізгі құжаты. Сондықтан біз оны «Ата заң» деп құрметтейміз. Әр адам өз елінің де, өзге елдің де заңына бағынуға міндетті.

Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқы заңмен бекітіледі. Ата-ана, бағып-қағу, қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор құқықты қорғайды.

Заң бойынша бала сыйға не мұраға алған мүлікті меншіктеуге құқылы, сондай-ақ еңбек етіп, пайда табуға, пәтер иесі болуға, т. б. құқылы. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көпбалалы отбасылар түрлі жағынан қорғауға алынған.

Бірақ балалар бұзақылық жасаса, қоғам мүлкін қасақана бүлдірсе, жазаланады. Ол істеген қылмысына қарай жойған затты өтеп, тергеуге алынуы тиіс. Қылмыскер не куәгер болған кезде де оның құқы толық қорғалады. Онда Ата заң талаптары жүзеге асырылады.

Баспасөз беттерінен

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Оқылым мәтінінің мазмұнына сай күрделі жоспар құр.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ой бөлісіңдер. «Адам құқы бала құқын қорғаудан басталады» деген пікірмен келісесің бе? Ойыңды дәлелде.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Кестені толтыр. Ырықсыз етістерді тап.

Бала	отбасында тұрып, тәрбиеленуге	құқылы.
	туыстарымен қарым-қатынас жасауға	
	неке бұзылған жағдайда әкесімен жолығып тұруға	
	адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне	
	өз ойын еркін білдіруге	
	он жасқа толғанда пікірін айтуға	
сот шешімі бұзылған жағдайда оның орындалуын талап етуге		

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Бала құқығы туралы не білеміз?» деген тақырып бойынша ой бөлісіңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Суреттерді пайдалана отырып, топпен «Бала құқығын қорғау — басты міндетіміз» деген тақырып аясында постер дайындаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Артық болмас білгенің! Анықтаманы жазып ал.

Декларация (лат. мәлімдеу, хабарлау) — мемлекеттік саясат пен құқықтық халықаралық қарым-қатынастың негізгі ұстанымдары салтанатты түрде жарияланатын құжат.

Конвенция (лат. келісім) — келісім бойынша уағдаласушы жақтардың құқықтары мен міндеттемелері айқындалатын құжат.

Конституция, Ата заң (лат. constitutio — құрылым) — мемлекеттің негізгі заңы, басқа заңдардың бәрінен жоғары тұратын заң.

Құқық — мемлекет орындары басшылыққа алатын, адамдардың әділеттілік туралы көзқарастарында көрініс табатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жиынтығы.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген тақырыпта ойтолғау жаз.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. «Ойланайық!». Ақпарат көздерін пайдаланып, төмендегі атаулы күндерді анықта. Олардың балалар құқына қатысы туралы айт.

1 маусым — ... күні.

20 қараша — ... күні.

10 желтоқсан — ... күні.

1948 жылғы 10 желтоқсан — ... қабылданған күн.

1979 жылы ... жылы өтті.

1989 жылғы 20 қараша — ... қабылданған күн.

1993 жылғы 28 қазан — ... қабылданған күн.

1995 жылғы 8 маусым — ... бекітілген күн.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

15-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Балалар бұзақылық жасаса, қоғам мүлкін қасақана бүлдірсе, жазаланады. Істеген қылмысына қарай жойған затты өтеп, тергеуге алынуы тиіс. Қылмыскер не куәгер болған кезде құқы толық қорғалады. Онда Ата заң талаптары жүзеге асады.

Айбатыр Сеймақ «Азам елдің ар- намысы — Ата заң»

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

ірге, өтініш, мақұлда,
себеп

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Ойлан! Жұптас! Жауап бер!» әдісі бойынша сұрақтарды талқылаңдар.

1. ҚР Конституциясының «Ата заң» деп аталуына не себеп болды?
2. Адам құқы туралы қай заңда айтылады?
3. Ата заң — ненің іргетасы?
4. Ата заңды кім түзеді? Оны кім мақұлдауы тиіс?
5. Ата заңды көпшіліктің өтінішімен өзгертуге бола ма?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі ақпаратты саралап жаз.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңдалым мәтінінен тірек сөздер мен сөз тіркестерін теріп жаз. Сол бойынша түсінгеніңді айт.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Мемлекеттік тіл», «тұлға», «азамат», «міндетті», «себеп», «еркіндік», «тәуелсіздік», «Ата заң» сөздерін қатыстыра отырып, Конституция мен мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы ойыңды жаз. Мемлекеттік тілдің болашағы үшін сенің жауапкершілігің қандай?

5-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ — АТА ЗАҢ

Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым — Отанымның түлегісің!
Іргесін туған елдің тіреп тұрған
Қадірін Ата заңның білемісің?!

Ешкім де **мін таға алмас** елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата заңның **өріліп тұр**
Даламның кеңдігі де, теңдігі де!

Бағынған өз заңына **жұмыр ғалам**,
Сондықтан Күннен Жерім **суынбаған**.
Қоғамның сан саласын реттейтін
Әрбір заң Ата заңнан туындаған.

Бастайтын болашаққа **бақ кемені**,
Осы жол — халықтың да **нақ сенері!**
«Халқыма адалмын!» — деп Ата заңға
Елбасы қолын қойып, ант береді.

Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп **қадір тұтып, қастерлеген**
Ата заң — азат елдің ар-намысы!


Айбатыр Сейтақ

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздер бойынша сөздік жұмысын жүргіз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Қай бағандағы тұжырымдар өлеңнің қай шумағына сай келеді? Ойыңды дәлелде.

<p>Елдің өзге заңдары Ата заңға сүйеніп жасалды.</p>		<p>Ата заң — ең қасиетті құжат.</p>
<p>Ата заңның болуы — елдіктің белгісі.</p>	<p>Әркім өз елінің Ата заңын құрметтеуі керек.</p>	<p>Ата заң — халықтың ең басты ар-намысы.</p>

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Пікір алмасу. Тыңдалым мәтінінің тақырыбы мен идеясы — не? Өз тарапыңнан не қосар едің?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден Конституцияның маңызы туралы айтылған ой-пікірді тап. Оларға сүйеніп, өз ойыңды түйіндеп жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Суреттерді басшылыққа алып, «Құқықтық мәдениет» деген тақырыпта ойтолғау жаз.



11-тапсырма. «Аяқталмаған 5 сөйлем» әдісі бойынша сызбаны толтыр.

1. Бүгін мен ... білдім.
2. ... қызық болды.
3. ... қиын болды.
4. ... тапсырманы орындадым.
5. ... екенін түсіндім.

ЖАТТАЙЫҚ!

Болғанмен бұл өмірде айлаң күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!
Еліңнің дамуы мен дағдарысы
Ол дағы Ата заңға байланысты!

Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей әсер еткен ғұмырына.
Айналды Ата заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісімшарт жасасқан барлық шетел
Қазақтың Ата заңын мойындайды!

А. Сейтақ

ЕСТЕ САҚТА!

Ата заңы бар елдің іргесі мықты болады. Себебі ондай ел әлем алдында үлкен беделге ие болатыны сөзсіз. Ата заң жеке адамның өтініші бойынша емес, бүкілхалықтық референдум арқылы өзгертіледі. Онда да халық толық мақұлдауы тиіс.

Адам бостандығы

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

арыз, ар-ождан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша мәтін құрап, айт.




ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Оқушы заңды бұзса...» деген тақырыпта жағдаяттық диалог құрап, жаз. Тілдесушілердің жасына, өзара жақындығына қарай этикеттік сөз орамдарын қолдан. Диалогте міндетті түрде болуы тиіс тірек сөздер: құқық, бұзақылық, арыз, ұр, себеп, куәгер, қылмыскер, тергеу, кепіл.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңда. Күрделі жоспар құр.



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Тыңдалым мәтіні бойынша парталас досыңмен сұхбаттас.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Топтық жұмыс. Тыңдалған мәтіндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерін «Кластер» әдісі бойынша анықтап жаз.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Тыңдалым мәтініндегі негізгі ойға сүйеніп, монолог жаз. Монологті сыныпта оқып, талқылаңдар.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Стилін ажырат.

Адам құқығы мен бостандығы (АҚБ) — жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік, құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қойып, тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары. Адамның қандай да бір игілікті иеленуін қамтамасыз ететін, өз еркімен іс-әрекет жасауына мүмкіндік беретін мемлекет пен бұқара арақатынасының негізгі принциптері АҚБ-ға жатады. Адамзат қоғамында бұл мәселеге ежелден баса назар аударылған. Мысалы, Аристотель адам құқығын «*табиғи*» және «*шартты*» деп екіге бөледі. Адамның табиғи құқығын мемлекет орнатқан шартты құқықтардан жоғары қояды. Орта ғасырда АҚБ қайырымдылық, рақымшылық ретінде сипатталады. Өндірістік қарым-қатынастың қарқынды даму сатысында өмір сүрген либерализм өкілдері — Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье, Ж. Руссо, И. Кант, Т. Джефферсон, Т. Пейн және т.б. ойшылдар АҚБ-ға баса назар аударды. Маңызды қағида ретінде олар адамдардың еркін, қауіпсіз өмір сүруге, жекеменшік иеленуге құқықтарының болуын, халық биліктің негізгі иесі екенін атап көрсетті. АҚБ азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени болып жіктеледі. Саяси және азаматтық құқықтардың қазіргі тұжырымдары БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948 жылғы 10 желтоқсан) баяндалған. Қазақстан Республикасының Ата заңы (12-бап) бойынша: «1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады, оларға кепілдік беріле-

ді. 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады».

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Бір «+», бір «-», «қызық» әдістері бойынша оқылым мәтініндегі ақпаратты белгіле.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Оқылым мәтініндегі негізгі ойды сақтай отырып, аннотация жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Төменде берілген мәтіннің негізгі тірек сөздерін қатыстырып салалас құрмалас сөйлемдер құрап жаз.

Адамның құқығы мен бостандығы туралы халықаралық-құқықтық құжаттар жекелеген мемлекеттердің заңдарына ықпалын тигізіп отырады. Халықаралық құқық қорғау ұйымдарына мүше болып кірген ел халықаралық құқық нормаларын өз аумағында бұлжытпай орындап отыруға міндетті. Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтау ұйымына мүше болып кіргендіктен, осы ұйымдардың адам құқығы мен бостандықтарын қорғау хақындағы құжаттарын мойындап, талаптарды орындайды.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «3 сұрақ» тәсілімен тақырып бойынша төмендегі сұрақтарға жауап жаз. Жауабыңды түсіндір.

1-сұрақ: Не пайдалы?

2-сұрақ: Не қажет?

3-сұрақ: Нені есте сақтау керек?

Нәтиже сабақ. Мен не білдім?

11-12-
сабақ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Адам құқығының пайда болуы жайында не білесіңдер?
2. Азаматтық құқықтар туралы не білесіңдер?
3. Адам құқы мен бостандығының арасында қандай байланыс бар?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Баптарды оқып, тезис жаз.

19-бап:

1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға, қай дінге жататынын өзі анықтауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге хақылы.
2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауға құқы бар.

24-бап:

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда, соғыс жағдайында ғана жол беріледі.
2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқы бар.
3. Әркімнің тынығуға құқы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

39-бап:

1. Адамның, азаматтың құқығы мен бостандығы конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқығы мен бостандығын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана тек заңмен шектелуі мүмкін.
2. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет «конституцияға кереғар» болып танылады.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Конституция мәтінінде қолданылған сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір.

Төл мәдениет, еңбек ету бостандығы, ұлтаралық татулық, еңбек шарты, тынығу құқығы, қоғамдық тәртіп, еріксіз еңбек, мемлекеттік тіл.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Өз құқымды білем бе?» тақырыбында эссе жаз.

Эссеге қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- көркемдеуіш құралдарды орынды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойын жүйелі жеткізу.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Берілген жай сөйлемдерді өзара біріктіріп, құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.

1. Заңды білу — заман талабы. Заң білімі саласынан мағлұмат алған дұрыс.
2. Моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды. Ол көпшіліктің назарына ілігеді. Айналасына жағымсыз пікір туғызады.
3. Құқықтық білім арқылы жасөспірім құқықты ұғынады. Оның санасы қалыптасып, дамиды. 4. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс қашан да ұлттық тұтастығымызға қауіп төндіреді. Ел болашағына зиянын тигізеді. 5. Құқық пен бостандық адамның қоғамдағы орнын айқындайды. Оның мемлекетпен өзара байланысын анықтайды.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Ұлылардың құқық және бостандық туралы айтқан пікірлеріне сілтеме жасап, эссе жаз. Эсседі көркемдеуіш құралдарды пайдалан. Етіс түрлерін қолдан.

- Балам бол, басқа бол, — бәріне заң біреу (Ж. Баласағұн).
- Өз құқыңды қорғап қалуың үшін жеткілікті күш болуы лазым (М. Шоқай).
- Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды (Б. Момышұлы).
- Заңға, тәртіпке, реттілікке, тұрмыс нормаларына бағына біл (В. А. Сухомлинский).
- Заң адамды бағындырады, заңды ақыл бағындырады (Т. Фуллер).

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқып, аннотация жаз.

Көшпелі тұрмыспен күнелткен қазақтың ру-тайпалары байлыққа бас ұрмай, құқықтық жүйені мойындады. Оны танып-біліп, қабылдауларында өз ерекшеліктері болды.

Қазақ құқы, оның басты саласы — адам құқығы мен бостандығы аясында өзіндік теңдік, өзін-өзі басқару негізінен бастау (азаматтық қоғам) алып, дамыды. Оны ел ішінен шыққан дуалы ауыз би-шешендер жүргізіп отырды.

Қазақтың тұңғыш зерттеушісі — Ш. Уәлиханов: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес. Сот ғұрыптарына әбден жетіп, тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. «Би» атағын алу үшін би болғысы келген қазақ өзінің заң ісіне жетік әрі шешендік қабілеті бар екенін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, жұрттың бәріне мәлім болып отырған» — деп жазады.

Белгілі ғалым, академик Салық Зиманов: «Бір кездегі ежелгі қазақ даласындағы ұрпақтар мұрасы болып табылатын заңдылық пен әділ соттың алтын ғасыры қайтадан біздің тарихымыздың алтын бетіне айналуда, болашақта жалпы өркениеттің мұрасына да айналар деген үміт бар», — дейді.


Баспасөз беттерінен

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Ш. Уәлиханов пен С. Зимановтың пікірлеріне салыстырмалы талдау жаса.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Топтастыру стратегиясын негізге ала отырып, адам құқығы мен бостандығы туралы диаграмманы толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


10-тапсырма. РАФТ кестесі бойынша бірін таңдап, шағын монолог дайындап, айт.

РӨЛ	АУДИТОРИЯ	ФОРМАТ	ТАҚЫРЫП
оқушы	мұғалімге	эссе	Менің құқым
ғалым	қоғамға	мақала	Заңға бағыну — заман талабы

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

11-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыр.

Осы тақырыпта мен үшін  ... қызық болды.
... құнды болды.
... қиын болды.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Тура биде туған жоқ,
Туғанды биде иман жоқ.

Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін.

Төле би

Тұңғыш Президент

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;
- әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау;
- ғылыми стильде (пікір, мақала, презентация) жазылған еңбектердің тілдік, жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау;
- тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;
- мезгіл үстеулерді ауызша мәтін мен жазба жұмыстарда орынды қолдану дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

лауазым, басшылық,
қосшы, қолбасы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген мақал-мәтелді қалай түсінесің? Ойыңды дәлелдеп айт.

- Басшысын таппаған ел азады,
Жолдасын таппаған ер азады.
- Ақылды басшы алдырмас.
- Көреген басшы елді өсіреді,
Күшті майдан ерді өсіреді.
- Мың қосшыға бір басшы.
- Көпті жаман басшы тоздырады, жақсы басшы оздырады.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрап, жаз.

Елбасы, көшбасшы, бастық, Президент, басшы, қолбасы.

ТІЛДІК БАҒДАР

Мезгіл үстеу және оның түрлері

Мезгіл үстеуі қимыл, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді.

Қашан? Қашаннан? деген сұрақтарға жауап береді.

Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Құрамы жағынан **дара (негізгі, туынды) және күрделі** болып бөлінеді. Мезгіл үстеулері сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады. Мысалы: Ертең (қашан?) астанада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған жиын болады.


Мезгіл үстеудің түрлері	Мысалдар
Негізгі үстеулер	қазір, кеше, ертең
Туынды үстеулер	баяғыда, бұрыннан, ертеден, ертеректе
Күрделі үстеулер	жазғытұры, кешке таман, биыл, бүгін

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сан есімдерді теріп жаз. Сан есімдерді пайдаланып, Тұңғыш Президентке қатысты бірнеше сөйлем құра.

Мысалы: 1940 жылы 6 шілдеде Нұрсұлтан Назарбаев дүниеге келді.



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде қандай елді мекендер аталады? Олар қайда орналасқан? Айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тұңғыш Президент туралы басқа қандай деректер білесің? Әңгімелеп бер.

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Сәбиге ат таңдаудың өзі жатқан бір хикаяға айналды. Тойға жиналған ағайын-туыс түрлі есімдерді тұс-тұстан айтып жатты. Ең ақырында жаңа туған ұлдың әжесі — Мырзабала мынадай ұсыныс білдірді: «Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсын».

Әлемдегі барлық әже секілді Мырзабала да немересінің азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Отбасында оны «Сұлтан» деп атайтын. Нұрсұлтанның балалық шағы Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі ауыр кезеңде өтті.

Нұрсұлтан әкесіне үнемі көмектесетін. Үйде де, бақшада да әкесінің жанында болып, картоп пен алма өсіруге жәрдемдесті. Нұрсұлтан әкесімен бірге тауға барып, шөп шапты.

Бірде Әбіш үйге арнайы жер аударылған балқарлар отбасын ертіп келді. Назарбаевтар отбасы оларды шаңырағына паналатты, жұмысқа тұруына көмектесті.

Көп ұлт мекендеген Шамалған тұрғындарының бәрі де сөйтті. Ешкім ұлтқа бөлінген жоқ.

akorda.kz

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін кейіпкерін суреттеп жаз.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтіннен үстеулерді тап. Олардың түрлерін түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, 10-12 үнқатымнан тұратын диалог дайындаңдар.

Үлгі:

- Сәбиге ат қалай қойылды?
- Сәбиге ат қоюдың өзі бір хикаяға айналды. Ауыл адамдары түрлі-түрлі есімдерді айтты.
- «Нұрсұлтан» деген атты кім қойды?
- ...
- ... ?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға ауызша және жазбаша жауап бер.

1. Н. Ә. Назарбаев қай жылы, қай айда дүниеге келген?
2. Елбасының анасының аты — кім?
3. Елбасының атын кім қойған?
4. Елбасы қандай жоғары оқу орнын бітірген?

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Басшы қандай болуы керек?» деген тақырыпта әңгіме өткізіңдер. Қосымша дереккөздерден мәліметтер, дәлелдер келтіріп айтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Тұңғыш Президент» тақырыбында эссе жазыңдар.

Эсеге қойылатын талаптар:

- Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымаған дұрыс.
- Тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет.
- Өмірмен байланыс болуы тиіс.
- Өзіндік тың пікірлер келтіру керек.
- Баяндау стилі нақты болуы шарт.
- Көркемдеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет.
- Көлемі — 100-150 сөз.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Жағдаят. Сен болашақта Қазақстан Республикасының Президенті боласың. Өзіңе қандай талаптар қоясың? Сенімді көш-басшы екеніңді халыққа қалай дәлелдейсің?

ЖАЗЫЛЫМ

14-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- Бүгін не үйрендің?
- Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
- Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
- Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

ЕСТЕ САҚТА!

Нұрсұлтан Назарбаевтың атын әжесі қойған. Н. Назарбаев бала кезінде әкесіне көп көмектескен.

3-4-
сабақ

Елбасы кітапханасы

ЖАҢА СӨЗДЕР

сайын, арна, алғышарт,
қазақстандық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген үстеулердің түрін ажырат, олармен сөйлем құрап жаз.

Ала жаздай, қыстыгүні, таңертең, биыл, таңсәріде, қара кешке дейін, күнұзаққа.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттегі кітапханалар жайлы не білесің? Интернет желісінен олар туралы мәлімет жина.



Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы. Алматы қаласы



Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы. Нұр-Сұлтан қаласы



Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы. Алматы қаласы



Елбасы кітапханасы. Нұр-Сұлтан қаласы

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Түсінгеніңді баянда.



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі ақпараттарды диаграммаға түсір.

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Төменде берілген сөздердің мағынасын түсіндір. Осы сөздерді пайдаланып, құрмалас сөйлем құра.

Кітапхана, мұрағат, ғимарат, сәулет, сәулетші.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, көршіңмен сұхбаттас.

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Елордада орналасқан Назарбаев орталығының 1-қабатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің жеке мұрағаты орналасқан. Ол Елбасының өмірбаяндық, шығармашылық материалдарынан, мемлекеттік және қоғамдық қызмет барысында жиналған құжаттардан тұрады. Жеке мұрағат қорында 127 мыңнан астам құжат жинақталған. Елбасы кітапханасының тағы бір ерекшелігі — онда Мемлекет басшысына сыйға тартылған экспонаттар да сақталады. Бүгін қорда 400-ге жуық экспонат бар. Олар — сыйлықтар, Елбасының жеке заттары, өнер өнімдері, раритеттер. Мемлекет және үкімет басшыларының, бірқатар елдердің ресми өкілдерінің, халықаралық компаниялар мен ұйымдардың, атақты мемлекет, саяси, қоғам және өнер қайраткерлерінің Қазақстанның Тұңғыш Президентіне ресми сәпарлары, іс-шара барысында берген сыйлықтары осында сақтаулы. Елбасы кітапханасының 2-қабатында экспозиция-көрме орналасқан. Мұнда «Әлемді өзгертетін идеялар» атты интерактивтік білім беру орталығы бар. Ғимараттың 3-қабатында Елбасының жеке кітапханасы орналасқан.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздердің мағынасын ашып жаз. Түсіндірме сөздікті пайдалан.

Жаңа сөздер	Мағынасы
құжат	
арна	
мұрағат	
атақты	
алғышарт	

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Афоризмдерді оқы, орыс тіліне аудар. Мағыналарын түсіндіріп айт.

Кітап — ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына (Әлішер Науаи).

«Кітап» дегеніміз — алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ойлаудан да тыйылар едік (Ғабит Мүсірепов).

Білімнің бас құралы — кітап (Ахмет Байтұрсынұлы).

Оқуды қойған адам ойлауды да қояды (Дени Дидро).

Жақсы кітап ақылды адамның әңгімесімен бірдей (Лев Толстой).

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Оқы, қызық!». «Ашық кітапхана» дегеніміз — не? Әңгімелеп бер.

Қазақстанның ашық кітапханасы (kitap.kz) — WikiBilim қорының интернеттегі қазақ тіліндегі контентті дамытуға арналған жобасы. Сайтта қазақ әдебиеті мен қазақстандық ғалымдардың өнер мен сан саладағы шығармашылық жәдігерлері авторлық құқықтары сақталып берілген.

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

11-тапсырма. Сайын, арна, алғышарт, қазақстандық сөздерін мезгіл үстеулерімен байланыстырып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- Сенің мектебіңде кітапхана бар ма?
- Мектеп кітапханасы қай жылы ашылды?
- Кітапханадан қандай кітаптар алуға болады?
- Мектеп кітапханасына жиі барасыңдар ма?
- Ауылдағы (қаладағы) кітапханаларға барасыңдар ма?
- Қандай ірі кітапханаларды білесің?

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселеге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің кітапханасында Н. Назарбаевқа берілген түрлі сыйлықтар бар. Кітапханада түрлі құжаттар да сақталған.

Елбасы жазған еңбектер

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

белес, аталу

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Бірнеше сөйлеммен сипаттап жаз.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі қажетті қосымшаны қойып, оқы.


Елбасы, мемлекет басшы... (-сы, -ы, -сі) Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы — тұтас бір дәуір... (-тың, -дің, -ның) тарихын қамтыған құнды шығарма. 2. Егемендік алған жас мемлекеттің әрбір қадамы, әрбір шешімі, жетістігі мен жеңісі, алған белестері кітап... (-на, -а, -та) түгел аталған. 3. Тіпті әр жылдардағы статистика... (-лық, -лік, -тық) есептер, стратегиялық жоспарлар туралы жан-жақты мағлұмат бар. 4. «Тәуелсіздік дәуірі» кітаб... (-нда, -ында, -інде) 1990 жылдардан 2017 жылдың соңына дейінгі ел үшін ауқымды, маңызды оқиғалардың барлығы түгел қамтылған. 5. Кітап барлық оқырман... (-ға, -ге, -қа) арналған.

kaztrk.kz сайтынан

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Термин сөздерді жаз.



Аудиомәтін

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. *Баяндау, айту, жасау, қабылдау, игеру, бастау, енгізу, құру, жүргізу, әңгімелеу, көшіру, ұшу етістіктерін мезгіл үстеулерімен тіркестіріп сөз тіркесін, сөйлем құрап жаз.*

Үлгі: ертең баяндау — Ол оқыған кітабын ертең жан-жақты баяндайды.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. *Ымырт, қызыл іңірде, іңір мезгіл үстеулерімен сөйлем құрап жаз.*

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Н. Назарбаев кітаптарының аннотацияларын оқы. 3 кітаптағы ортақ тақырыпты тап.

«Сындарлы он жыл» кітабында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаты, жаһандану, есірткі бизнесі, қауіпсіздік, Каспий аймағы, халықаралық құқық, жікшілдік саласында соңғы 10 жылда әлемде, Қазақстан Республикасында болған жағдайлар мен өзгерістер туралы айтылады.

Атамұра, 2003

«Тарих толқынында» атты кітапта автор өткеннің кейбір іргелі сабақтарына жүгіне отырып, қазақ халқының тарихи жолы туралы ой толғайды, рухани мұраны дамыту мәселесіне тоқталады.

Атамұра, 1999

«Қалың елім, қазағым» жинағына XX ғасырдың соңына қарай өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, өз жерінде, атамекенінде өз мемлекетін қайта құра бастаған қазақ ұлтының тарихы мен тағдырына, бүгіні мен келешегіне арналған дүниелер енген.

Өнер, 1998

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннен сан есім мен мезгіл үстеуін тауып, картаны толтыр.

Сан есім	Мезгіл үстеуі

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Елбасының жарық көрген еңбектері туралы фотоколлаж дайындап, сыныпта қорға.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген мезгіл үстеулерін қазақ тіліне аударып, сөйлем құрап айт.

Вечером

Утром

Зимой

Летом

ЖАЗЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

10-тапсырма. Жақша ішіндегі сөзді дұрыс тұлғада қойып жаз.

«Өмір өткелдері» — Елбасы туралы жарық көрген еңбек. 585 (бет) тұратын сұхбат кітап 2015 жылы (елорда) басылып шыққан. Аталмыш туынды еліміздің (Тұңғыш Президент) «Егемен Қазақстан» газетінің бірінші басшысы, қоғам қайраткері Сауытбек Әбдірахмановқа соңғы жылдары берген сұхбаттарының топтамасы ретінде жарық көрген. Тәуелсіз (ел) Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи өмірі жайында жазылған (шығарма) қатары мазмұны терең осындай жаңа туындымен толықты.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма: сен болашақ тілші ретінде Елбасынан сұхбат алуың қажет. Тұңғыш Президентке қандай сұрақтар қойғың келеді? Бес сұрақ құрастырып айт.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Президенттік парыз» деген тақырыпта аргументативті эссе жаз.

Эссе жазуда мынаны ескер:

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кесте дайындап, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш құралдарды пайдалануға тырыс.

- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Тармаққа қажет аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

АЙТЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бірнеше кітабы жарық көрді. Елбасы өзінің кітаптарында тәуелсіз мемлекетіміздің тарихы, өткені мен бүгіні, болашағы туралы айтады.

Еңбегі ерен Елбасы

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

сайлау, дауыс, бүкілхалықтық,
сайлан

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыр. Н. Ә. Назарбаев туралы айтылған пікірлерді мысалмен дәлелдеп айт.

Назарбаев — әлемдік саясаттағы ең беделді тұлғалардың бірі. Оның «Ядролық қарусыз әлем» атты жобасы әлем көшбасшыларын таңғалдырған жоба болды. Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тарта отырып, әлемдегі ең бейбіт, тұрақты мемлекет құрудың жарқын үлгісі болды. Ядролық қарудан бас тарту арқылы қазақстандықтар әлем елдерінің қауіпсіздік кепіліне ие болды. Бұл — Қазақстанды әлемдегі ең тұрақты мемлекетке айналдырды (Барак Обама).

Назарбаев — әлемдік саясаттағы бітімгер саясаткер. Оның саяси шешімдері әлем басшылары үшін үлгі болуы тиіс (Пан Ги Мун).

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттер бойынша шағын мәтін құра.



ТҮЙНДІ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндердегі негізгі идеяны анықта.

ТҮЙНДІ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Қандай стильде жазылғанын анықта.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



Аудиомәтін

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Кинометафора» әдісі. Жұпқа бөлініп, Елбасы туралы түсірілген деректі фильмдерден үзінді дайындаңдар. Өзге жұптардың көрсетілімдері бойынша бір-біріңе сұрақтар қойыңдар.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Автордың Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаев туралы жазған мақаласы туралы өз пікіріңді айт.

Елбасыма

Ұлының аты ұлы! Оның арманы да асыл, бақыты да ұлы. Ұлы адам өзінің емес, ұлтының, елінің жайын ойлайды. «Елдің бүгіні мен ертеңі туралы ой әр кез, қайда жүрсем де, бір сәт те тыныш таптырмайды», — деп жазды Елбасы «Ұлы дала ұлағаттары» атты кітабында.

Тәуелсіздікті алудан оны сақтап тұру әлденеше есе қиын. Азаттық халыққа қаншалықты қуаныш, бақыт сыйласа соншалықты қиыншылық та алып келеді. Баяғыдан бері қалыптасқан байырғы мемлекеттердің де проблемалары аз емес. Ал енді ғана азаттық алған тәуелсіз жас мемлекетті құру — қиынның қиыны. Елбасы ел өміріндегі небір қиын түйіндерді өзіне тән асқан ақыл-парасатпен шешіп келеді.

Сәбит Досанов

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінде берілген *асыл, тыныш таптырмайды, азаттық, қиын түйіндерді* деген сөз бен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндірме сөздікті пайдаланып, жаз.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Төмендегі пікір бойынша ой бөлісіңдер. Айтылған пікірлерді қандай фактілермен дәлелдер едіңдер?

Нұрсұлтан Назарбаев — тарихтың ең өткір мәселелер шешілер ең жауапты кезеңіндегі басшы. Әлемдік процестер шектен аса шытырманданып келе жатқан ең шетін замандағы басшы (Әбіш Кекілбаев).

Президенттің атқарған қыруар істері арасында мен ұлтаралық келісімді ең жоғары қояр едім. Өйткені тәуелсіздік алғаннан кейін «Бұрынғы КСРО-да 200-ге жуық ұлтаралық қақтығыс, жанжал тууы мүмкін», — деп болжамдар айтылғаны есімде, «соның біразы Қазақстанда болады», — деп болжанды. Сол тұста Нұрсұлтан Назарбаев ел тұрақтылығына аса зор мән берді (Амангелді Айталы).

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жағдаят: мектепте Елбасымен кездесу кеші өтеді. Кешті өткізу саған тапсырылды. Кешті қалай өткізесің? Сценарийін дайында.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Берілген сөздерден сөз тіркестерін құрап, талда.
Сайлау, дауыс, бүкілхалықтық, сайлан, арна, алғышарт, белес, лауазым.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерінен Елбасы туралы мәлімет жина. Осы мәліметтер бойынша ақпараттық мәтін жаз.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Тақырыпты «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда. Төмендегі белгілермен әр азатжол не сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытып жаз.

«V» Бұрыннан білемін	«-» Менің ойлағаныма қайшы, кереғар	«+» Мен үшін жаңа ақпарат	«?» Келісе алмаймын, білгім келеді

ЕСТЕ САҚТА!

Мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев туралы көп мәліметпен таныстым. Елбасының әлемдегі рөлі туралы білдім.

Тұңғыш Президент күні

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

үміткер, бекіт, кенші, бірауыз,
бастамашы, құштар, туып-өс

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сөйлем құра.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып жаз.

2011 жыл... желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Парламент сена-ты... отырысында «ҚР заңына толықтыру енгізу: «Қазақстан Республикасын-дағы мерекелер заңы» қабылдан... . Тұңғыш Президент күні Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақ елі үшін жасаған еңбегін елеп, ескеру мақсатында күнтізбе... енді.

ТЫҢДАЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тақырып қой.



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Қандай тарихи кезең баяндалған? Ол туралы не білесің? Айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Дәлелде.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Бүкілхалықтық Президент сайлауы 1991 жылы өтті.		
Тұңғыш Президент күні 2012 жылы жарияланды.		
«Тұңғыш Президент күні тойлансын» деген бастаманы Елбасы көтерді.		
Тұңғыш Президент күні 1 желтоқсанда тойланады.		
Тұңғыш Президент күнін атап өту — ел үшін қуаныш.		

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді оқы. Жанрлық ерекшелігін анықтап, талда.

1991 жылғы 1 желтоқсанда Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқандардың 98,78 %-ы жақтап дауыс берді. Бұл — жаңа мемлекет қалыптасуының **өтпелі кезеңінде** сенімді басшыға **өз тағдырын** тапсырған Қазақстан халқының **жауапты таңдауы** еді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың **салиқалы саясатының** арқасында **тәуелсіз Қазақ елі** қалыптасып, мемлекетіміздің **ұлттық рәміздері** қабылданды.

Қазақстанның **шынайы егемендігін** қамтамасыз еткен маңызды **мемлекеттік актілерге** қол қойылды. Мәселен, 1991 жылдың 29 тамызында Нұрсұлтан Назарбаевтың «Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлығы» шықты. Сондай-ақ 1991 жылдың 25 қазанында Тұңғыш Президенттің жарлықтарымен Қауіпсіздік кеңесі және Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің іргетасы осылай қаланды.

abai.kz

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөз тіркестерін мезгіл үстеулерімен байланыстырып, сөйлем құра.

Үлгі: Қазіргі өтпелі кезеңде жастар тіл білу қажеттігін айқын сезінуде.

8-тапсырма. Топтық жұмыс. Сынып бірнеше топқа бөлінсін. Әр топ «Тұңғыш Президент күні» деген тақырыпта презентация дайындасын. Оны сыныпта қорғаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Берілген сөздерге түсіндірме сөздіктің көмегімен анықтама бер әрі осы сөздерден сөйлем құрастыр. Kitar.kz сайтындағы сөздікті пайдалан.

Үміткер, бекіт, кенші, бірауыз, бастамашы, құштар.

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

10-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

2012 жылдың 1 желтоқсанынан бері Қазақстан халқы «Тұңғыш Президент күнін» тойлап келеді.

Маралтай Ыбыраев «Елбасыма»

11-12-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

тұтқа, дарын

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Н. Ә. Назарбаев туралы жазылған қандай шығармаларды білесің?
2. Ол шығармаларда Тұңғыш Президенттің қандай істері айтылған?
3. Н. Ә. Назарбаев туралы қандай фильмдер түсірілді?
4. Бұл фильмдерді көрдің бе?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелді пайдаланып, сөйлем құра.

- Ақылды басшың болса, адаспассың.
- Әкімі дұрыс болмаса, жұрт бұзылады, Сауда дұрыс болмаса, нарық бұзылады.
- Патша залым болса, жұрт тозады, Патша ғалым болса, жұрт озады.
- Хан — шаңырақ, халық — уық.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша сұрақтар дайында.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлең кім туралы? Түсінгеніңді айт.

Қара Жер жаралғалы қазағымның
Шын сүйіп, шын түсінген **азабын** кім?
Жүрекке қолды қойып **ниет** қылдым,
«Жетті», — деп, — «тарихымды
жазатын күн!».

Уақыптың **диірмендей** тасы айналад...
Ұл туса, бауырыңа бас аймалап.
Тағдырды Алла ғана нәсіп етіп,
Тарихты тұлға ғана жасай алмақ!
Жанардың **жәудіретіп** нұрын ала,

Бұл күнді күтті қанша Ұлы дала.
Ұл туды бір анасы алты алаштың,
Күн шықты арай шашып құбылаға.
Күн шықты арай шашып аспаныма,
Дүния кілт айналды басқа ағымға.
Ол ана ұл тумапты, нұр туыпты
Бүгінгі өзек болар дастаныма.
Ол ұлдың заты — нұрдан, аты —
Сұлтан!

Кеш туған зарықтырып уақытынан.
Жаралған жан әлемі Күлтегіндей,
Халықтың арман, тілек, бақытынан.
«Қалауын қабыл қыл», — деп, —
құс көңілдің!»,
Асығы алшысынан түскен ұлдың.
Алладан мәдет тілеп жатқан шығар,
Бауырында Әбіш әкей Үшқоңырдың.

Адал боп ақыреттік жан жарына,
Қарайлап қоңыр тірлік, мал-жанына.
Ұлтына **тұтқа** болар перзент сыйлап,
Ол да, әне, үнсіз жатыр Әлжан ана.
Жанардың жәудіретіп нұрын ала,
Бұл күнді күтті қанша Ұлы дала.
Ұл туды бір анасы алты алаштың,
Күн шықты арай шашып құбылаға.
Ел үшін Жерді шарлап ұшқан ұлым,
Ұлт үшін аямаған күш-**дарынын**.
Қазақта ер тумайды енді Сіздей,
Жарылып кетсе де өті дұшпанымның.
Бабалар армандаған ізгі үмітпен,
Арылды **дана** халық жүз күдіктен.
— Нұраға, о не дейсіз? Біз дайынбыз!!!
Тарих тұр сахнадан Сізді күткен...

Маралтай Ыбыраев

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын жаз. Түсіндірме сөздікті, kitar.kz сайты пайдалан.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді мағыналық бөлікке бөліп, әр бөлігіне ат қой. Әр бөлік бойынша үш сұрақтан дайында.

Кіріспе
бөлім

Негізгі
бөлім

Қорытынды
бөлім

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңді оқы, күрделі сөздерді теріп жаз. Осы сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құра.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны қойып жаз. Оның қандай қосымша екенін айт.

Жаным ме..., жүрегім... іңкәрі,
Арай тұнық, махаббаттың нұр таңы!
Түркістан боп аялаған санам...,
Ұлы би... шұғылалы бұрқағы!
Аспандағы ай, жұлдыз... сен менің,
Қадір түнім, таңғажайып ертең...!
Меккедегі Қағбадай көз тарта...,
Аққу құс..., қиялдағы ертегім!

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Ақынның «Тарихты тұлға ғана жасай алмақ» деген пікірі бойынша пікірталас өткізіңдер.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Рөлдік ойын. Көршің екеуің бірің тілші, бірің ақын болып Маралтай Ыбыраевпен сұхбат құрыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Маралтай Ыбыраев «Елбасыма» өлеңінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы жазған. Нұрсұлтан Назарбаевтың ел үшін жасаған еңбектері туралы жырлаған.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-14-
сабақ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша мәтін құра.



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінде жауабы бар нұсқаны белгіле.

- А) Парламент Ақмола қаласын «Астана» деп ауыстыру туралы ұсынысты қашан қабылдады?
- Ә) Кімдер астананы өзінің туған қаласы санайды?
- Б) Астананы ауыстырудың себебі неде?
- В) Қазақстанның жаңа астанасын құру — қандай еңбек?

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі термин сөздерді жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті үстеулерді қойып жаз.

Қажетті үстеулер: бүгін, кеше, қазір.

1. «... біздің төңірегімізде бейбітшілік белдеуі қалыптасты», — деп сеніммен айтуға болады. 2. ... болмағанның ... болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушілік, оны құрметтемеу орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз. 3. ... —

бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман (Н. Ә. Назарбаевтың «Ой бөлістім халқыммен» атты кітабынан).

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы. Тілдік ерекшелігін талда.


• Нұрсұлтан Әбішұлы — саясатта көптен, Кеңес дәуірінен келе жатқан тұлға. Мені қатты таңғалдыратыны — оның заман тынысын тап басып танитыны. Бұл қасиет — бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған?.. Ол адал да әділ. Бір мәселелерді талқылағанда әрдайым «Қатардағы адамдарға бұл қалай тиеді? Бұл — жеке адамға, қарапайым отбасылардың өміріне қалай әсер етеді?» — деп ойлап тұрады (Владимир Путин).

• Қазір жаһандық саясатта 5-6 ірі әрі ықпалды саясаткер бар. Солардың бірі — Нұрсұлтан Назарбаев. Мен оған сенемін әрі оның барлық бастамасын қолдаймын (Маргарет Тэтчер).

• Назарбаев — кеңестік саясаттағы жарық жұлдыз, түрлі республикалар арасындағы ірі тұлға. Қазақстан лидері — белгілі деңгейде қатал, тәжірибелі, жедел шешім қабылдай алатын адам. Одақтың басқа республикаларының өзі мойындаған жылы шырайлы, талантты әрі табанды басшы. Назарбаев республиканы басқарып тұрғанда Қазақстанның табыстарға жету мүмкіндігі анағұрлым мол болады (Ли Куан Ю).

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, диаграмманы толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Ертең мектепте Тұңғыш Президент күніне арналған кеш болады. Кештің хабарландыруын дайында.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Маралтай Ыбыраевтың «Елбасыма» атты өлеңін қайталап оқыңдар. Ақынның «*Бабалар армандаған ізгі үмітпен, Арылды дана халық жүз күдіктен*» деген пікірі бойынша ой бөлісіңдер.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Өз аймақтарыңдағы Тұңғыш Президент атымен аталатын нысандар туралы ақпарат жинаңдар. Жинаған ақпаратты пайдаланып, презентация дайындаңдар.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Біздің Тұңғыш Президентіміз» деген тақырыпта фотоколлаж дайында. Сыныпта қорға.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүниежүзі білетін Республика Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.

Н. Ә. Назарбаев

Бұқаралық ақпарат құралдары

ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ СЕН:

- негізгі ойды анықтау;
- түрлі жағдаяттарда сөйлеу әдебін дұрыс қолдану;
- мәселенің артықшылығы мен кемшілігін салыстыру;
- өз ойыңды дәлелдеп жазу;
- мәлімет жинау;
- түрлі стильдегі мәтіндер жазу дағдыларыңды жетілдіресің.

ЖАҢА СӨЗДЕР

басылым, аудандық, бұқара, іс-тәжірибе, мүдде, ағымдағы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Ұсынылған жауаптардың ішінен пікірлерді дәлелдеуге болатын бір нұсқасын таңдап, ойыңды айт. Сөйлегенде «менің ойымша...», «менің түсінігім бойынша...» деген оралымдарды қолдан.

1. Наполеон: *«Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», — деген.*

Қалай ойлайсың, жаумен соғысуға шыққан мыңдаған әскерден төрт-ақ газет қалайша мықты болады?

Жауап нұсқалары:

- қолбасшы газетті солдаттарға оқып түсіндіреді;
- газетті оқыған жау қорқып, артқа шегінеді;
- газет әскерден де көп адамның қолына тиеді;
- газет елдің рухын көтереді.

2. 1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады.

Баспасөз елді басқармайды. Адамдарға қызмет бермейді. Баспасөз қалайша билікке ие болады?

Жауап нұсқалары:

- көп ақпарат пен жаңалықты меңгеріп, газет бетіне жариялайды;

— мол ақпаратты игеріп, тарату арқылы билікке де, халыққа да әсер ете алады;

— басшылар туралы ақпарат жинап, таратады;

— газеттегі ақпарат қазір билікке әсер ете алмайды.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.



Аудиомәтін

1. Бұқаралық ақпарат құралдарына не жатады?

2. Олардың басты мақсаты — не?

3. Әлемде оқиғаны қағазға түсіру, тарату қай кездері, қай елдерде болды?

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте берілген бұқаралық ақпарат құралдарымен таныссың ба?

2. Қандай бұқаралық ақпарат құралдарын оқисың?

3. Үнемі оқитын тұрақты газет не журнал бар ма?



ТІЛДІК БАҒДАР

Мекен үстеуі

Мекен үстеуі қимылдың мекенін, орнын білдіреді. **Қайда? Қайдан?** деген сұрақтарға жауап береді. **Мекен үстеулері:** ілгері, төмен, жоғары, артта, алда, сонда, әріде, беріде, т.б. Мысалы: *Журналистер төмен түсті.*

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Мерзімді және мерзімсіз **басылымдар** «баспасөз» деп аталады. Баспасөз халық арасында әртүрлі ақпарат таратуға, қоғамдық пікір қалыптастыруға, саяси жұмыс жүргізуге, мемлекеттің, әлеуметтік топ не жеке адамдардың **мүддесін** танытуға қызмет етеді. Мерзімді баспасөзге тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар, кемінде жарты жылда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетеньдер жатады. Олар тақырыбы мен мазмұнына, **аудандық** аймақтық бөлінісіне, оқырмандар аудиториясына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мерзімді баспасөздің ең негізгі әрі көне түрінің бірі — газет. Батыс Еуропада (Германияда — 1609 жылы, Ұлыбританияда — 1622 жылы, Францияда — 1631 жылы) алғашқы газеттер шыға бастады. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімдік басылым — 1870 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті». Бұл газет қазақ даласында Ресей империясының отарлау саясатын жүргізудің құралы ретінде пайда болды. Дегенмен газет ұлттың баспасөзін қалыптастыруда, **іс-тәжірибе жинақтауда**, зиялы қауымның азаттық идеяларын **бұқара** халыққа жеткізуде үлкен рөл атқарды.

Баспасөздің екінші түрі — мерзімсіз басылымдарға кітаптар, кітапшалар, плакаттар, күнтізбелер және т. б. жатады. Оның ең негізгі әрі көне түрі — кітап. Кітап басу ісі VIII-IX ғасырларда Қытайда басталды. Алғаш рет буддистердің «Жақұт сутра» (868 ж.) деген кітабы басылып шықты. Ол ағаштан ойылған қалыппен басылды. Бұл жаңалық Еуропаға 4 ғасырдан кейін келеді. Қазақ тіліндегі алғашқы кітап — «Сейфүлмәлік» қиссасы. Ол 1807 жылы Қазан қаласында жарық көрді. Қазіргі кезде Қазақстанда 1200-ден астам газет-журнал, апталық жарық көреді. Сондай-ақ әртүрлі меншік нысанындағы 260-тан астам баспадан мыңдаған таралыммен кітап, буклет, плакат және т. б. шығарылады. Республикадағы баспасөз жүйесінің қызметі 1999 жылы шыққан Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңымен» реттеледі.

el.kz

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мезгіл үстеуінің сұрақтарын пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша 5 сұрақ құрастырыңдар.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мерзімді және мерзімсіз баспасөзге тән ерекшеліктерді жаз.

Мерзімді баспасөз	Мерзімсіз баспасөз
әртүрлі ақпарат таратады;	...

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Баспасөздің қызметін кластерге салып, таратып айт.

Мерзімді баспасөздің түрлері	...
Мерзімсіз баспасөздің түрлері	...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қатыстырып, мекен үстеуі болатындай сөйлем құра.

Басылым, аудандық, бұқара, іс-тәжірибе, мүдде, ағымдағы.


ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

9-тапсырма. Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сөзжұмбақты шеш.

Көлденеңінен:

1. Адамның перзенті
2. Мерзімді баспасөздің түрі
3. Тұңғыш қазақ газетінің атауындағы алғашқы сөз. Облыстың аты
4. Мерзімсіз баспасөздің түрі
5. Батыс Еуропадағы тұңғыш газет шыққан ел
6. Лингвистиканың зерттейтін нысаны
7. Ең алғашқы мерзімді баспасөздің түрі



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мектеп кітапханасындағы республикалық, қалалық, облыстық және аудандық баспасөз құралдарымен танысып, топтастырып жаз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Әрқайсың мәтін мазмұны бойынша төрт сұрақтан дайындап, екі оқушыдан жазбаша жауап алыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Мерзімді және мерзімсіз басылымдар бар. Олар бұқараға азаттық идеясын жеткізеді.

3-4-
сабақ

Журналист – асылды іздеуші

ЖАҢА СӨЗДЕР

алаңдат, ауқымды, сыни,
сыншыл, мақала, дәлел

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, журналист болу үшін қажетті қасиеттерді жаз.

1. Таныс журналистерің бар ма?
2. Журналистер тек сенсация іздей ме?
3. Журналистің бойында қандай қабілет болуы керек?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтыр.

1. Күнделікті қандай баспасөзді (электронды) оқисың?	2. Күніне қанша уақытыңды ақпарат құралдарын қарауға жұмсайсың?	3. Не себепті дәл осы баспасөзді оқисың?	4. Баспасөздегі қандай рубрикаларды қызыға қарайсың? Неге?

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Журналистика» сөзі қайдан шыққан?
2. Ежелгі Грекияда кімдерді «журналист» деп атаған?
3. Ежелгі Египетте қандай газеттер шықты?
4. Юлий Цезарьдың сөзі қалай таратылды?
5. Париждіктер журналистиканы қалай дамытты?



Аудиомәтін

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Журналист! Оның жүрмейтін жері, мінбейтін көлігі жоқ. Ұшақ, пойыз, арба, ат, тіпті жаяу да тартып отырады. Бойындағы бар қастерлі жүгі — блокноты мен қаламы немесе қарындашы. Құмда да, суда да болады. Аузы кеуіп, бірнеше күн ас ішпейтін кездері де болады. Таңертең отбасының қасында отырса, кешке мыңдаған километр қашықтықта жүреді.

Нағыз журналист — адамдардың бойындағы асылды іздеуші, өмір тарихын зерттеуші, бүгінгі ұлы заманның шежіресін жазушы. Өмір жаңалығын алғаш қағаз бетіне түсіреді. Өмірге деген, асыл адамдарға, ол адамдардың **жасампаз** ісіне деген ғашықтық оны алыс сапарға сүйрейді. Ол халықты **алаңдатқан, ауқымды** мәселелерді **мақала** етіп жазады. Түн ұйқысын төрт бөліп, көз майын тауысып көп отырады.

Оны ешбір ауыр сапар, қиын жол қорқытпайды. Қайта, керісінше, қызықтырады. Көп жүріп, көп көрген сайын өмірдің алуан қырын анығырақ көреді. Өмірдің өзінен оқиды. Бұл — оның білімін, дүниетанымын кеңейтеді. Егер еңбекпен жинаған **дәлелден**, фактіден үлкен әңгіме немесе **сыни** мақала туса, жазғаны жақсы істің басы болса, көрген азабы әп-сәтте-ақ ұмыт болады! Журналист еңбегінің қызығы да, қиындығы да осында.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Осы қызықты көре алмаған журналист — журналист емес. Журналист мамандығының ардақтылығы да көп дүниенің ішіндегі әлі көрінбей тұрған асылды аршып ала білуінде, соның дәнін, нәрін оқушы қауымға бере білуінде. Сөйтіп, жаңа бір рухани ізгіліктің көзін ашуда. Міне, сонда ол — нағыз өмір барлаушысы, білгір дәуір тамыршысы, **сыншыл** журналист.

І. Ізтілеуов

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырып қой, негізгі идеясын анықта. Әр ойбөлігіндегі тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжол	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мекен үстеулерін тап.

Журналист заман тынысынан артта қалмай, үнемі алда жүруі керек. Оның әріде жүрмейтін жері болмайтын еді, беріде мінбейтін көлігі жоқ. Ол ұшақ, пойыз, арба, ат, тіпті жаяу да тартып отырады. Аузы кеуіп, бірнеше күн ас ішпейтін кездері де болады. Таңертең отбасының қасында отырса, кешке мыңдаған километр қашықтықта жүреді.

МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС


ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, нағыз журналист болудың ережесін жаз.

Журналист болудың ережесі:
1. асылды іздеуші; 2. ... ; 3. ... ; 4. ...

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Журналисті алыс сапарға сүйрейтін — қандай күш? Кластерге таратып жаз.



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Журналист өмірінің қызығы мен қиындығын анықта. Бір нәрсе қызық әрі қиын болуы мүмкін бе? Ойыңды дәлелдеп айт.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Репортер» ойыны. Сен журналиссің. Сыныпта қазақ тілі сабағы қалай өтіп жатқанын, өзің қандай тақырыпта, қандай жұмыс жасап жатқаныңды айтып, ақпарат бер.

ЕСТЕ САҚТА!

Журналист халықты алаңдатқан, ауқымды мәселелерді мақала етіп жазады. Жинаған дәлелден, фактіден үлкен әңгіме немесе сыни мақала жазады.

Қазақ телевизиясы

5-6-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР


жоба, жағымды, қамты, соңғы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанда қандай телеарналар бар?
2. Қандай телеарнаны көресің?
3. Қандай телебағдарламаны ұнатасың?



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Бейнефон қашан алғаш рет көпшілік алдында көрсетілді?
2. Екіжақты байланыс қай жерде жүзеге асты?
3. Тікелей оқиға болған жерден берілген репортаждың сапасы қандай болды?

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Биыл Қазақ телевизиясының құрылғанына 60 жыл толды. 1958 жылы елімізде теледидар алғаш рет Алматыда тікелей хабар тарата бастады. Сол жылы Қарағанды мен Өскеменде, 1959 жылы Жезқазғанда, 1960 жылы Петропавлда облыстық студиялар ашылды. Бұдан кейін Целиноград, Орал, Балқаш, Семей қалаларында студиялар ашылып, жұмыс істей бастады.

1985 жылы қайта құру кезеңі басталып, елде үлкен өзгерістер болды. «Қазақстан» арнасы 1991 жылы ел тәуелсіздігін халыққа бірінші боп жеткізді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ант қабылдау рәсімін көрсетті.

Кез келген ақпарат құралы өз елінің ұлттық мүддесін басты мақсатта ұстайды. 2011 жылдың 1 қыргүйегінен бастап Елбасы Н. Назарбаевтың тапсырмасымен «Qazaqstan» Ұлттық арнасы 100 пайыз қазақ тілінде хабар таратуға көшті. Қазіргі таңда «Қазақстан» телерадиокорпорациясы — «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, «QAZSPORT», «Балапан» телеарналары, «Қазақ», «Шалқар», «Астана» және «Классик» радиолары, аймақтық телерадиокомпанияларды біріктіретін үлкен телеарна. Корпорация мен аймақтық филиалдарда екі мыңнан астам адам қызмет етеді.

«Qazaqstan» Ұлттық телеарнасындағы көрсетілімдердің 80 пайызы — төл өнім. Көктемгі маусымда ұлттық арнаның ұжымы көрермендерін тың **жобалармен, жағымды** жаңалықтармен қуантпақ. Атап айтқанда, «Жүрсіннің жүйріктері» жаңа форматта айтыстың көркін қыздырса, 26 наурыздан бастап алаш зиялыларының тағдырын арқау еткен «Тар заман» телехикаясы көрерменге жол тартады. Сонымен бірге **соңғы** уақытта жаңа деректі фильмдер, отандық телесериалдар да эфирге шығып жатыр. Алпыс жылдық тарихы бар Қазақ телевизиясы — қазақ қауымының мәдени әрі рухани ошағы. Өзекті тақырыптарды **қамтыған** арна мыңдаған жас өренді тәрбиелеп, отандық телевизия мектебін күшейтіп келеді.

Аян Бекенұлы

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Түсінік» ойыны.

1. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, әрқайсысына 2-3 ассоциация — тірек сөзден жаз.
2. Оның ішіндегі 1 негізгі сөзді белгіле.
3. Белгілеген сөзді өзің қалай түсінетініңді жаз.
4. Әр оқушы тізбекпен тірек сөзге берген анықтаманы оқысын. Ұқсастықтарды бөліп, сызсын.
5. Ортақ түсінікті жазыңдар. Салыстырыңдар.

Үлгі: тірек сөздер: теледидар, арна, ... ,

1. Теледидар: 1. жаңалық 2. өнер 3. кино 4. сериал 5. жарнама	2. Теледидар: жаңалық	3. Теледидар 1. халықты елде болып жатқан жаңалықтармен таныстырады	4. Теледидар Әр оқушы белгі- леген сөздеріне берген түсінігін оқиды	5. Теледидар Барлық оқушы «теледидар» сөзіне берген түсініктерін салыстырады. Ортақ шешім шығарады
---	---------------------------------	--	--	--

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін анықта.

	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Қазақ телевизиясының құрылғанына 60 жыл толды.		
2	Сол жылы басқа қалаларда телестудиялар ашылған жоқ.		
3	«Қазақстан» арнасы 1991 жылы ел тәуелсіздігін халыққа бірінші боп жеткізді.		
4	«Qazaqstan» Ұлттық арнасы әлі қазақ тілінде хабар таратуға көшкен жоқ.		
5	«Qazaqstan» телеарнасындағы көрсетілімнің 80 пайызы — төл өнім.		

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қазақ телевизиясының ... 60 жыл толды. 1958 жылы елімізде теледидар алғаш рет Алматыда ... хабар тарата бастады. 1985 жылы қайта құру ... басталды. Елде үлкен ... болды. «Қазақстан» арнасы елдің тәуелсіздігін ... бірінші боп жеткізді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ант ... рәсімін көрсетті.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасының жас маманысыңдар. Эфирге жастарға арналған жаңа телебағдарлама ұсыныңдар.

Телебағдарлама дайындауға қойылатын талаптар:

- бағдарламаның мақсатын анықтау;
- бағдарламаның мақсатты аудиториясын (кімдерге арналғанын) анықтау;
- ерекше идеяға құру;
- көрермен көңілін аударатын қызық детальдарды келтіру;
- тақырыпты заманмен үндестіру;
- мәтінді белгілі бір стильде сауатты жазу;
- бағдарламаның жүргізушісін, продюсер, режиссер, редакторы мен суретшісін анықтау.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасын 60 жылдығымен құттықтап, мәтін жаз.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Ұшақ» әдісі арқылы бүгінгі тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, жауап алыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

Ұлттық арна көрермендерді тың жобалармен, жағымды жаңалықтармен қуантпақ. Соңғы уақытта жаңа деректі фильмдер эфирге шығып жатыр. Арна өзекті тақырыптарды қамтиды.

Қасым Аманжолов «Жас дәурен»

7-8-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

дәурен, шымқай арай, сіркіреп жауып

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. 1. Мәтінді оқып, стилін анықта. Стилді анықтауда неге сүйендің? 2. Қою қаріппен жазылған жолдарды қалай түсінесің? Бұл қай кезде «қанға малынады»? Таң атқанда ма әлде күн батқанда ма? «Нажағайдың қара қанаты» деген тіркесті осыған дейін естідің бе? «Самалдың жібек қанаты» деген сөз тіркесін қалай түсіндің? Өлең үзіндісі не туралы?

...Қасым өмір бойына туған жердің тамаша табиғатын жырлап өтті. Сол табиғаттың құлпырған құбылыстарын көргенде Қасым еске түспей тұрмайды. Рауандап атқан «таң-жеңгені», **«қанаты қанға малынған ақша бұлтты»**, кешкі шымқай арайды көргенде Қасым еске түседі. **«Алыстағы нажағайдың қара түнгі қанаты»** жарқылдағанда, аспан сатыр-сұтыр жарылғанда, дауыл ысқырып соққанда арасында Қасым жүргендей сезіледі. «Сіркіреп жаңбыр жауғанда ақын жаны ауамызда қалықтап жүзіп жүргендей» болады. «Қарауылға тұрған ай» да, «заңғарда жүзген жұлдыз» да, «Сарыарқа жақтан ескен **жібек қанат самал**» да Қасымды еске салады. Тауға шығып, жаңарған кең далаға көз жүгіртсек, қатарымызда Қасым тұрғандай әсер аламыз.

Шықшы тауға, қарашы кең далаға;
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға,
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?
О, дариға, алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Қасым болмай, тасың болсам мен егер.
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Неңдей күйге жүрегімді бөледің?
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем:
«Арманым жоқ бұл дүниеде!» — дер едім.

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,
Қызығыңды көріп, еркін келемін.

«Аманжол Рақымжанның Қасымымын, мен қалған бір атаның ғасырымын» деген Қасым ақын, шынтуайтында, бір атаның ғана ғасыры болып қалған жоқ. Ол халқымыздың адал һәм ардақты ұлы болды. Ел-жұртын шексіз сүйе білді. Қолынан келгенше қызмет етті. «Әрі-сәрі болмай, жүрегінің күйі неде екенін білген» ойлы ақын Аманжолов бізге үлкен өнеге қалдырды.

Т. Әлімқұлов

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Қасым Аманжолов туралы не білесің?
2. Қасым Аманжолов қандай жанрда жазған?
3. Ақын қай жерде туған?
4. Оның басқа ақындардан өзгешелігі неде?



Қасым Аманжолов

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді оқы. Таспадан тыңдап, әнімен айт.

Жас дәурен

Жас дәурен — гүл жазира, қайран жазым,
Тыңдаған ерке сұлу айтқан назын.
Әсерлі ән, көк нәсер күй сал домбыра,
Жігіттің тебіrentсін өнерпазын.

Жас дәурен,
Ризамын мен саған.
Жан сәулем,
Келші, сәулем аңсаған.

Жас дәурен — жігер оты жанған жалын,
Көрмесем қызығыңды, армандадым.



Аудиомәтін

Өмірге екі келер уақытым жоқ,
Сондықтан үлесімді мол қармадым.

Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,
Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.
Тірлікте тербелейін, тебіренейін,
Бір күні кетсем ұйықтап, оянбаспын.

Жас дәурен,
Нажағайлы алтын жаз.
Жан сәулем,
Қосыл күйге, айтшы наз.

Қ. Аманжолов

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсың, өлең неге «Жас дәурен» деп аталған?
2. Ақын кімге немесе неге бағыттап айтып тұр?
3. «Риза болу» дегенді қалай түсінесің? Адам қандай жағдайда қуанып, риза болады?
4. «Жан сәулем» деген сөз кімге бағытталуы мүмкін?

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Берілген суреттер өлеңнің мазмұнына сай келе ме? Дәлелде.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Ақын мына жолдарды кімге арнаған? Өлең жолдарындағы көркемдеуіш құралдарды анықта.

Әсерлі ән, көк нәсер күй сал домбыра,
Жігіттің тебіrentcін өнерпазын.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұраққа ойланып жауап бер.

Ақын:


«Өмірге екі келер уақытым жоқ,

Сондықтан үлесімді мол қармадым», — дегенде қандай үлес туралы айтып отыр?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Өмірден алғың келетін үлесің туралы кластерге жаз.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлеңнің идеясын анықта. Тірек сөздерді теріп жаз.

Негізгі идеясы	Тірек сөздер

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Қасымның жұбайы — Сақыпжамал әженің естелігін оқы.

Сұрақтарға жауап бер:

1. Ақынның тұрмысы қандай болған?

2. Қасым Аманжолов өлең жазумен қатар қандай шығармашылық жұмыспен айналысқан?

1946 жылы соғыстан кейін Қасекеңе тұрмысқа шықтым. Қасекең сонда ағасымен бірге «Городская, 69» деген үйде тұратын. «Ахметжан» деген жалғыз ағасы болды. Ол кісінің 2 бөлмелі үйі болды. Кішкентай бір қараңғы бөлмеде аға бар (онда Дариға жоқ (Дариға — қызы), Қасым — үшеуіміз тұрдық. Үйімізде жалғыз ғана төсегіміз бар, темір пеш жағатын едік. Сонда Қасекең жазатын үстел қоятын, қонақ қабылдайтын да жеріміз жоқ. Құйттай ғана қара шабаданымыз болатын. Сол қара шабаданның үстіне қойып, Қасекең өлең жазатын. Ол кезде Қасекең Лермонтовтың «Маскарадын» аударды, «Полтаваны»,

«Қысқы кештерді» аударды, көп нәрсені аударды. Сол құйтай үйде тұрып, бірталай жұмыс істеді. Өзі соғыстан келген беті.

qasym.kz

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Интернеттегі qasym.kz ақпараттық-танымдық порталының «Қасымтану» айдарынан Қ. Аманжолов туралы естелік тауып, түсінгеніңді сыныпта баянда.

ЕСТЕ САҚТА!

Ол халқымыздың адал һәм ардақты ұлы болды. Ел-жұртын шексіз сүйе білді. Қолынан келгенінше қызмет етті.

«J1-JASTAR1» жастар арнасы

9-10-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

орынбасар, заманауи,
пікірталас

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттердегі интернет арқылы көрсетілетін желілердің қай түрін жиі пайдаланасың, қандай бағдарламаларын көресің?



Instagram

You Tube



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Тікелей репортаж» ойыны. Орыс тіліндегі жаңалықты оқып, қазақ тіліне аудар. Көрермендермен амандасып, жаңалықты жеткіз. Сөйлеу әдебін сақта.



«J1jastar1» — первый молодежный познавательно-развлекательный телеканал вышел в эфир!

Телевидение «J1-jastar1» — уникальная студия, так как на сегодняшний день еще нет аналогов телеканалов с открытой формой, позволяющих молодежи самой создавать содержание канала.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Стилін анықта.

Орталық коммуникация қызметінде 2018 жылдың наурыз айында «J1-Jastar1» жастарға арналған жаңа телевизиялық арнаның тұсауы кесілді.

Шараға арнаның бас директоры Ілияс Ысқақов, Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің директоры Асхат Оралов, «J1» (Jastar1) телеарнасы директорының шығармашылық жөніндегі **орынбасары** Ғалия Човдурбаева және «J1» (Jastar1) телеарнасының креативті продюсері Алпамыс Шаримов қатысты.

«J1-Jastar1» телеарнасы Қазақстан жастарының талаптарын қанағаттандыратын **заманауи** телевизиялық трендтерді таратады. Телеарна — жастардың жобаларын, идеяларын қолдауға, **пікірталас** ұйымдастыруға, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жаңа форматтағы арна. Телеарна 2018 жылдың 28 наурызында ID TV платформасында, YouTube және Instagram әлеуметтік желілерінде іске қосылды. Болашақта Отау ТВ кабель жүйесі арқылы таратылады.

«J1-Jastar1» телеарнасы, ең алдымен, 14-29 жас аралығындағы жастарға бағытталған. Сонымен қатар ол оқушылар, студенттер, жас мамандар мен түрлі қызметтегі жастарға немқұрайды қарамайтын барлық адам үшін де қызық болмақ.

Арнаның форматы — жастар өміріндегі маңызды әрі қызық оқиғалар.

Телеарнаның контенті өндірістегі асүй, сән және сұлулықтан бастап шытырман, тылсым оқиғаларға, спортқа, телехикаялар мен әлемдік кинематографияның хиттеріне, әлеуметтік реалии мен отбасылық қарым-қатынас, бақыт, бала тәрбиесі, денсаулық туралы ток-шоуларға толы танымдық, білімдік, публицистикалық және ойын-сауық бағдарламаларынан тұрады. Бағдарламаларда жастар мәселесі, мүмкіндіктері мен өзін-өзі танытуы туралы сөз болады.

Бүгінгі таңда «J1-Jastar1» телеарнасы жастардың өзіне арнаның мазмұнын толтыруға мүмкіндік береді. Бұл — басқа арналарға ұқсамайтын ашық алаң ұсынған бірегей ерекше телеарна.

Е. Қалдан

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, әр ойбөлігіне тақырып қой. Термин-тірек сөздерді теріп жаз.

Азатжол	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер
1-азатжол			

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «J1-Jastar1» телеарнасының қандай форматта жұмыс істейтінін теріп, сөйлем құра.

Жобаларды қолдау, демалыс орындарын көрсету, идеяларды қолдау, ертегі айту, кітап оқуға үйрету, пікірталас ұйымдастыру, косметикаға жарнама жасау, заманауи өзекті мәселелерді шешу және т.б. бағытталған жаңа форматтағы арна.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Арнада жүргізілетін бағдарламалардың бағыттарын тауып, кластерге түсір. Сол бағыттардың ішінен қайсысын көргің келетінін айтып, себебін түсіндір. Үлгіні пайдалан.

Үлгі:

Мен «J1-Jastar1» жастар арнасынан спортқа қатысты бағдарламаларды көргім келеді. Себебі мен футболдың жанкүйерімін. Әлемдік жарыстар тікелей эфирден көрсетілгенін қалаймын. Өзім де футбол ойнаймын.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Топтық жұмыс. Телеарнаның мазмұнын жасауға көмектесіңдер. Төмендегі анықтамалық сұрақтарға жауап іздеп, тұсаукесер жасаңдар. Өз ойларыңды ортаға салыңдар. Арнаның директорын, орынбасарын, продюсерін, редакторын, жүргізушісін тағайындаңдар. Олардың не істейтінін анықтаңдар.

1. Арнадан қандай мазмұндағы бағдарламаларды көргілерің келеді?
2. Оның форматы қандай болуы керек?
3. Эфирге қандай уақытта шығуы керек?
4. Ол бағдарламаның мақсаты қандай?
5. Бағдарлама неше жастағы адамдарға арналған?
6. Арнаны жастар жиі қолданатын тағы қандай желіден көрсетуге болады?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Балық қаңқасы» диаграммасын толтыр: 1. балықтың басына «J1-Jastar1» телеарнасының мақсаты; 2. балықтың қаңқасына арнаның жұмыс істейтін форматтарының бағыты; 3. балықтың құйрығына телеарна бойынша қорытынды жаз.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Тікұшақ» әдісі. Тікұшақтың қанатына тақырыпқа қатысты сұрақтарды жазып, ұшыр. Өзің де жауап бер. Соңынан жауаптардың дұрыс, дұрыс еместігін тексеріңдер.

ЕСТЕ САҚТА!

Жастарға арналған «J1-Jastar1» арнасы жастардың жобаларын, идеяларын қолдауға, пікірталас ұйымдастыруға, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

«Жас алаш» жастар газеті

11-12-
сабақ

ЖАҢА СӨЗДЕР

әзіл, үгімтеу

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



Аудиомәтін

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Бұл басылыммен таныссың ба?
3. Электронды басылымда қандай қызмет іске қосылған?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

«Жас алаш» — жастарға арналған ең байырғы әрі беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы — Ғ. Мұратбаев, жауапты хатшысы І. Жансүгіров болды. Газеттің шығуына қазақтың қайраткерлері — А. Байтұрсынұлы, С. Сәдуақасов, Б. Майлин, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар атсалысқан. Газет 1927 жылдан бастап «Лениншіл жас» деген атпен шықты. Бұл басылым қай кезде де қазақ жастарының қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді.

Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін газетке «Жас алаш» атауы қайтарылды. 2000 жылы «Жас алаш» «жылдың ең үздік газеті» атанып, «Алтын жұлдыз» номинациясын жеңіп алды. Газеттің бас редакторы Нұртөре Жүсіп мемлекеттік тіл мен ұлттық дәстүрді дамытуға сіңірген еңбегі үшін жылдың таңдаулы «Алтын адам» сыйлығымен марапатталды. Негізінен жастарға арналған газетті барлық жастағы адам оқиды. Ол — жалпыұлттық қазақ басылымы.

«Жас алашта» күнделікті жаңалықтармен қатар саясат пен экономика, әдебиет пен мәдениет, өндіріс пен экология, қылмыс пен заң, қаржы мен басқару жүйесі, маркетинг пен менеджмент, білім беру мен денсаулық сақтау,

өнер және т.б. тақырыптарда мақалалар жарияланады. Сонымен қатар сыни бағыттағы, **әзіл** әңгімелер де жарияланып тұрады. Газеттің «Студент», «Ырғақ», «Мыңнан бір мезет», «Отбасы» атты қосымшалары бар. «Жас алаштың» өзіне тән сипаты — өткірлігі мен турашылдығы, жаңашылдығы мен тапқырлығы. «Жас алаш» — ақпаратты объективті беретін, проблемаға жаңаша көзқараспен қарайтын беделді газет. Газет өз бағытын **үгіттеу** мақсатында пайдаланбайды, көтерілген проблеманы адамгершілік қағидаларына сүйеніп шешеді.

«Әлеуметтік технология орталығы» жүргізген маркетингтік зерттеулердің нәтижесі бойынша, «Жас алаш» — жасөспірімдерден бастап, егде тартқан жастағы азаматтардың сұранысына ие, беделді әрі жаңашыл басылым. Басылымның негізгі оқырмандары — жоғары білімді азаматтар, жоғары оқу орындарының студенттері, әр деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының басшылары мен қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері мен қарапайым ауыл тұрғындары.

«Жас алаш»

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін анықта.

	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	«Жас алаш» — жастарға арналған ең байырғы басылым.		
2	Бұл басылым белгілі бір уақытта ғана қазақ жастарының қалыптасуына көмектесті.		
3	Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғанда «Жас алаш» атауы қайтарылды.		
4	Газетті негізінен орта жастағы адамдар оқиды.		
5	«Жас алаш» — өткір, турашыл, жаңашыл газет.		

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Броундық қозғалыс» әдісі. «Жас алашты» шығаруға атсалысқан қазақ қайраткерлерін ата. Үш-төрт оқушыдан ол адамдар туралы не білетінін сұрап, 3-4 сөйлем жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Жас алаштың» қосымшалары мен жарияланатын тақырыптарын кластерге түсір.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Жас алаш» газетінің ұстанымдарын сарапшы ретінде оқып, өз сөздеріңмен қайта редакциялап жазыңдар.

Үлгі: 1-жұп.

«Жас алаш» — оқиға:

- * «әлдекімдерге қолайсыздық тудырады екен!» — деп, болып жатқан оқиғаны елден жасырып қалуға болмайды;
- * оқиғаның ізін суытпай, уақтылы жариялайды;
- * оқиғаның жай-жапсары, себеп-салдары бүркеленбей, талданады.

Р. Сәрсенбай

«Жас алаш» — тек шындықты айтатын газет. Газетте болған оқиға шынайы жазылады. Әр оқиға кешікпей, болған уақытында жарияланады. Талдау жүргізіледі.

2-жұп.

«Жас алаш» — жаңалық:

- * қоғамдық маңызы бар жаңалықтар объективті көзқарас тұрғысынан ұсынылады;
- * жаңалық жалаң болмас үшін әлеумет, саясат, экономика мамандарының пікірлерімен қоса беріледі;
- * түсініктемелерде эмоциялық көңіл күй сақталады, заңға қайшы болмаса, түзетілмейді.

Р. Сәрсенбай

3-жүп.

«Жас алаш» — сараптама:

- * қалыптасқан жағдайға қысқа әрі нақты баға беріледі;
- * өркениетті, озық ойлы, өзгеше пікірдегі мамандар көптеп тартылады;
- * сараптама жасаушының әділдігі, адалдығы, біреудің отын көсеп жүрмегендігі ескеріледі.

Р. Сарсенбай

4-жүп.

«Жас алаш» — пікірталас:

- * сұхбаттар, екеуара әңгіме, тікелей телефон әдістері жиі қолданылады;
- * дөңгелек үстелдер үзбей ұйымдастырылады;
- * күрделі тақырыптарды көпшілік болып талдайды.

Р. Сарсенбай

5-жүп.

«Жас алаштың» тақырыбы:

- * ел ішіндегі әділетсіздік, жемқорлық, әлімжеттік, зорлық-зомбылық күн тәртібінен түспейді;
- * көзқарас аясын кеңейтетін танымдық мақалаларға кең орын беріледі;
- * қоғамдық, ұлттық, мемлекеттік мәні бар тақырыптардың ешқайсысына шектеу жоқ.

Р. Сарсенбай

6-жүп.

«Жас алаштың» ұстанымы:

- * «Жас алаш» — ешкімге жау емес, ешқашан біржақтылыққа жол бермейді, журналистік принциптен ауытқымайды;
- * жақсы жаңалықтарға, елге істелген пайдалы істерге қай тараптан жасалса да, газет беті айқара ашық;
- * айтылған сөзге, ойға, көзқарасқа ешқашан қиянат жасалмайды, аманатқа қиянат жүрмейді.

Р. Сарсенбай

7-жүп.

«Жас Алаш» — оқырман:

- * Редакцияға келген хаттардың ешқайсысы қараусыз қалмайды, бір жолы болса да жарияланады;
- * Оқырман ұсынған тақырыптарға журналистік зерттеулер жүргізіледі, арнайы іссапарлар ұйымдастырылады;
- * «Жас алаш» — «Мақатаев-22» айдарымен оқырман хаттары ең көп жарияланатын, халықпен байланысын үзбеген, түкпірдегі ауылдың зәру мәселесін жаһанға жар салып жеткізетін, жанашыр газет.

Р. Сәрсенбай

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Жас алаш» газетінің ұстанымдарынан қорытынды шығарып, сипаттама бер.

Үлгі: «Жас алаш» газеті — шыншыл, ..., ... газет.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Сен газеттің тілшісісің. «Жас алаш» газетін мақтап, оқырманды бір жылға жазылуға үгітте.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Қар кесегі» әдісі бойынша шеңбер құрып, бүгінгі тақырыпты қорытыңдар. Бір оқушы тақырыпқа қатысты тұжырымын айтады. Екінші оқушы оны сараптап, өз тұжырымын айтады. Үшінші оқушы екеуінің айтқанына сараптама жасап, өзінің пікірін қосады. Осылайша, бүкіл сынып алған білімін талдайды.

ЕСТЕ САҚТА!


«Жас алаш» ақпаратты объективті түрде береді. Проблемаға жаңаша көзқараспен қарайды. Газет ұстанған бағытын үгіттеу мақсатында пайдаланбайды.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-
сабақ

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Бөлшектен бүтін құрау» әдісі. Журналист болудың негізгі талаптарын жазып, толықтыр.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. 1-тапсырмада анықталған журналист болудың талаптары негізінде «Журналист» деген — кім?» деген сұраққа жауап бер.

Үлгі:

Журналист сауатты, өз пікірін дұрыс жеткізе алатын, әдепті сөйлейтін, ...

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Әйгілі диктор Сауық Жақанованың пікірін оқып, өз көзқарасыңды айт.

Бұрын қазақ халқының бай мәдениеті мен тарихына қатысты тыңдарманы мен көрерменінің көңілінен шыққан танымдық хабар көп болатын. Және ол хабарларды даусы қойылған, тілдің ырғағын, әуенін сақтап сөйлейтін мамандар ғана жүргізетін. Ал **қазір тілдің заңдылығын сақтамай**, күлдірген болып, **екі сөздің басын қоса алмайтын** адамдар эфирлерді толтырып жатыр. Тіпті **еш ізденбестен, интернеттен тауып** алып, соны **сәл өңдеп** тыңдарманға жеткізе салатын «өнер» пайда болды.

Үлгі: *С. Жақанованың пікірімен келісемін / келіспеймін. Себебі ...*







АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Теле-радиодикторларының бойында кездесетін, С. Жақанова айтқан кемшіліктерді сипатта.

- қазақ тілінің заңдылығын сақтамау;
- екі сөздің басын қоса алмау;
- ізденбеу, интернеттен алу;
- сәл өңдеу.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. «Ойшыл қалпақтар» ойыны. Журналист болудың артықшылығы мен кемшілігін айтып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

Қалпақтар	Қалпақтардың қызметі	Қойылатын сұрақтар
	Журналист мамандығы туралы білетінін айтады.	«Журналист» деген — кім?
	Журналист болудың артықшылығын айтады.	Оның қандай пайдасы бар?
	Журналист болудың кемшіліктері туралы айтады.	Оның қандай зияны, ауыртпалықтары бар?
	Журналист мамандығы туралы ойын айтады.	Оның қоғамға тиімділігі неден көрінеді?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойға қалай қарайсың?
	Бақылап, қорыту: айтылған ойдың журналистикаға қатысын айтады.	Айтылған ойдан қандай қорытынды шығаруға болады?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Әдебиет тілінің қаруы — баспа мен мектеп.
Баспа мен мектеп — өте қайратты қару.

Халел Досмұхамедұлы

Лексикалық-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік

1. Қазақ жазуының даму жолы

құлпытас — надгробный камень
(памятник)
қашау — высекать
дәуір — эпоха
түркі — тюркский
жазба — письменный
дүниетаным — мировоззрение
жан-жақты — всесторонний
әліпбилік — алфавитный
зерделеу — вникать в суть; понимать
үңілу — взглядеться
көшірме — копия

нұсқа — вариант
сәйкестендіру — идентифицировать
сия — чернила
төл — кровный
төте — прямой; напрямик; сокращенный
емле — орфография; правописание
жетілдір — совершенствуй
дыбыс — звук
ретте — отрегулируй
жүйелеу — систематизировать
үндес — тональный; созвучие

2. Жолың болсын, жолаушы!

жүргінші — путник; пешеход
зуылдау — мчаться
тасымал — перевозка
жол-жөнекей — проездом; по дороге; по пути; попутный
бекер — напрасный
бекет — станция
құн — стоимость
аралық — промежуток; расстояние между двумя точками
жолсапар — командировка
жолазық — еда на дорогу
жүрдек — скоростной
бағыну — подчиняться

жолшыбай — попутно
куәлік — удостоверение; свидетельство
аялдау — задерживаться
жолайрық — развязка; перепутье
апат — авария; стихийное бедствие
жолсерік — проводник; бортпроводник; стюардесса
жиілеу — учащать
жолдама — направление, путевка
сақтан — берегись
сәтті — успешно
зымырандай — как ракета
жедел — оперативно
әрі-бері — туда-сюда

3. Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі

байырғы — прежний
көшіп-қону — переселиться
хандық — ханство
жәдігер — памятник
жиһанкез — путешественник
доңыз — дикая свинья
жұлдызнамашы — астролог

жорамал — предположение
диқаншылық — земледельчество
күндіз-түні — днем и ночью
лашық — лачуга
күнұзақ — целый день
күншығыс — восток
адамзат — человечество

тайпа — племя
көшпенді — кочевник
тұрмыстық — бытовой
ұзақтық — продолжительность

ұлу — улитка
бек — бек; очень
руна — руна; рунический

4. Заң — қоғамның тірегі

әділет — юстиция
ар-намыс — честь
құқық — право
құқылы — в праве
кепіл — залог; гарантия
азамат — гражданин, -на
қоғамдық — общественный
шектеу — ограничивать
жаза — наказание
бұзақылық — хулиганство
бүлдіру — испортить
жой — устрани

жүзеге асу — осуществление
тергеу — расследование
куәгер — свидетель
қылмыскер — преступник
ірге — основание
өтініш — заявление
мақұлдау — одобрить
себеп — причина
арыз — заявление
ұр — бей
жарғы — устав

5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні — тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы

алғышарт — предпосылка
арнау — направлять
аталу — именовать
үміткер — претендент
бекіт — утверди
белес — ступень
бүкілхалықтық — всенародный
бірауыздан — единодушно
дарын — талант
дауыс — голос

кенші — горняк
туып-өсті — родился и вырос
бастамашы — инициатор
сайлану — избираться
құштар — страстный
лауазым — должность
сайлау — выборы
тұтқа — опора
қазақстандық — казахстанский

6. Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары

алаңдату — тревожить
ауқымды — объемный
әзіл — юмор
орынбасар — заместитель
бұқара — народ
дәлел — доказательство
жас дәурен — счастливая пора
жоба — проект
жағымды — приятный
айдар — рубрика

аудандық — районный
басылым — издание
іс-тәжірибе — практика
қамту — охватывать
үгіттеу — агитировать
пікірталас — дискуссия
сыни — критический
мақала — статья
соңғы — последний

Мазмұны

1. Қазақ жазуының даму жолы. «Күлтегін» жыры	4
1-2-сабақ. Тасқа қашалған жазулар	4
3-4-сабақ. Көне түркі жазуын зерттеушілер.....	9
5-6-сабақ. «Күлтегін» жыры	13
7-8-сабақ. Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы.....	16
9-10-сабақ. Орта ғасыр: түркі тілі — ғылым тілі.....	21
11-12-сабақ. Әлемдік жазу мәдениетінің реформаторы	24
13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не білдім?.....	28
2. Жолың болсын, жолаушы!	
М. Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»	30
1-2-сабақ. Ауылға автобуспен барамыз.....	30
3-4-сабақ. Теміржол бекетінде	33
5-6-сабақ. Ағам ұшақпен ұшып кетті.....	36
7-8-сабақ. Кемеге отырып көрдің бе?	38
9-10-сабақ. Әжем тоқымқағар жасады.....	41
11-12-сабақ. М. Мақатаев «Ертең біз жол жүреміз»	44
13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	47
3. Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың халық күнтізбесі. I. Есенберлин	
«Көшпенділер» (үзінді)	50
1-2-сабақ. Ұлы даладағы ежелгі мәдениет.....	50
3-4-сабақ. Қазақтар — Ұлы дала мұрагері.....	55
5-6-сабақ. Қазақтың халық күнтізбесі	58
7-8-сабақ. Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы.....	61
9-10-сабақ. Мысырды билеген қыпшақтар	64
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	67
4. Заң — қоғамның тірегі	70
1-2-сабақ. Заң — адам құқығы мен бостандығының кепілі	70
3-4-сабақ. Мемлекеттік заң және азамат құқығы.....	75
5-6-сабақ. Бала құқығы мен бостандығы мемлекет назарында	78
7-8-сабақ. Айбатыр Сейтақ «Азат елдің ар-намысы — Ата заң»	83
9-10-сабақ. Адам бостандығы	87
11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не білдім?.....	90

**5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні —
тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы.**

Маралтай Ыбыраев «Елбасыма».....	94
1-2-сабақ. Тұңғыш Президент	94
3-4-сабақ. Елбасы кітапханасы.....	98
5-6-сабақ. Елбасы жазған еңбектер.....	102
7-8-сабақ. Еңбегі ерен Елбасы.....	106
9-10-сабақ. Тұңғыш Президент күні	109
11-12-сабақ. Маралтай Ыбыраев «Елбасыма»	112
13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	115

6. Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары.

Қасым Аманжолов «Жас дәурен»	118
1-2-сабақ. Бұқаралық ақпарат құралдары	118
3-4-сабақ. Журналист — асылды іздеуші	122
5-6-сабақ. Қазақ телевизиясы.....	125
7-8-сабақ. Қасым Аманжолов «Жас дәурен».....	129
9-10-сабақ. «J1-JASTAR1» жастар арнасы.....	133
11-12-сабақ. «Жас алаш» жастар газеті.....	137
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	142

QR-код арқылы оқулықта берілген аудиожазбаларды тыңдау жадынамасы

Құрметті жас дос! Араларыңда QR-кодты қолдана алатындар болуы мүмкін, дегенмен «QR-код» дегеніміз — не, ол не үшін қажет екенін еске түсіріп, білмегендер болса, түсіндіре кетуді жөн көрдік.

QR-код «Quick Response — шұғыл жауап» — өзіндік деректер базасы, онда ақ бетте белгілі бір тәртіппен қара түсті шаршылар орналасқан. «QR-код» дегеніміз — мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді штрих-код. Арнайы қосымша көмегімен біз оқулықтағы кейбір мәтіндерді QR-кодқа айналдырдық, ол — URL-мекенжайдың, яғни интернет бетіндегі қажетті ақпараттың сілтемесі. Бұл оқушыға оқу материалымен жұмыс істеу барынша ыңғайлы болу үшін жасалған.


QR-кодты сканерлеуде не білу қажет?

QR-кодты сканерлеу үшін мобильді құрылғыға арнайы бағдарламалар орнатылады. Оларды пайдалану оңай әрі ыңғайлы. iOS (iPhone) мобильді платформасында Scan қосымшасы бар, Android-та QR-код сканерлейтін бағдарлама көп. Соның бірі — QuickMark қосымшасы түрлі форматтағы QR-кодтарды сканерлейді, оның көмегімен сілтемелер автоматты түрде ашылады. Бүгінде жаңа смартфондар QR-кодты сканерлейтін арнайы қосымшаларды қажет етпейді, өйткені бұл функция бағдарламада алдын ала орнатылған. QR-кодты сканерлеу үшін телефон камерасын кодқа әкелесіз де қажет ақпаратты аласыз. QR-кодты смартфонда камерасы бар кез келген оқушы қолдана алады, әр оқушы шифрланған мәтіндерді сканерлеп, көркем шығармаларды тыңдай алады.



Аудиомәтіндер
1-6-тақырып

Электронды оқулық



Оқу басылымы

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова,
Қ. С. Жайлаубаева

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,
А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова,
К. С. Жайлаубаева

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек.
Оқулық
1-бөлім

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйтерек.
Учебник
Часть 1

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық
жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына
арналған

Для 9 класса
11-летней общеобразовательной школы
с неказахским языком обучения

Әдіскерлері: П. К. Юсуп, Б. Қ. Мүкеева
Редакторлары: О. С. Жұбаева, А. Б. Ахметова
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина
Фотосуретші: П. Михеев
Мұқаба әрленімі: Д. Н. Буксикова
Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев
Беттеуші: С. Қыдырбай
Мәтінді оқығандар: Э. Баянжан, А. К. Габдуллина

Методисты: П. К. Юсуп, Б. К. Мукеева
Редакторы: О. С. Жубаева, А. Б. Ахметова
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина,
М. Мирошников, В. Самаркина
Фотограф: П. Михеев
Дизайн обложки: Д. Н. Буксикова
Технический редактор: Д. К. Тынбаев
Компьютерная верстка: С. Кыдырбай
Тексты читали: Э. Баянжан, А. К. Габдуллина

06.04.20. басылымға жіберілді. 70×100 $\frac{1}{16}$ форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы: 12,6.
Таралымы 70 000.
«Реформа» ЖШС-інде басылған.

Подписано в печать 06.04.20. Формат 70×100 $\frac{1}{16}$.
Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная.
Усл. печ. л.: 12,6.
Тираж 70 000.
Отпечатано ТОО «Реформа».

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 А
тел. +7 (727) 220 76 60
www.kokziek-gorizont.com

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,
г. Алматы, проспект Сейфуллина, 597 А
тел. +7 (727) 220 76 60
www.kokziek-gorizont.com